Принцип личностного подхода в педагогической диагностике и воспитании требует, чтобы руководитель (начальник): постоянно изучал и хорошо знал индивидуальные особенности темперамента, черты характера, взгляды, вкусы, привычки военнослужащих; умел диагностировать и знал реальный уровень сформированности таких личностных качеств, как мышление, мотивы, интересы, установки, направленность личности, отношение к жизни, труду, ценностные ориентации, жизненные планы и другие; постоянно привлекал каждого военнослужащего к посильной для него и все усложняющейся по трудности воспитательной деятельности, обеспечивающей прогрессивное развитие его личности; своевременно выявлял и устранял причины, которые могут помешать достижению цели, а если эти причины не удалось вовремя выявить и устранить – оперативно изменял тактику воспитания в зависимости от новых сложившихся условий и обстоятельств; максимально опирался на собственную активность военнослужащего; сочетал воспитание с самовоспитанием личности, помогал в выборе целей, методов, форм самовоспитания; развивал самостоятельность, инициативу, самодеятельность военнослужащих, не столько руководил, сколько умело организовывал и направлял ведущую к успеху деятельность. Таким образом, личностный подход определяет содержание психологического компонента МПС личного состава ПС КНБ РК.

Компетентный подход. В настоящее время уделяется большое внимание вопросу компетенций. Исследуя сущность понятий «компетенции» и «компетентность» в рамках морально-психологического обеспечения



служебной и боевой деятельности ПС КНБ РК, возникает необходимость выявления, обоснования и более глубокого их изучения. В современном «Толковом словаре иноязычных слов» компетенция трактуется как «осведомлённость в каком-нибудь круге вопросов, какой-нибудь области знания», а «компетентный» – как «знающий, осведомлённый, авторитетный в какой-либо области», «обладающий компетенцией» [11].

В качестве основных выделим следующие компетенции военнослужащих Пограничной службы КНБ РК: личностные компетентности, характеризующие личность, как субъекта жизнедеятельности; социальные компетентности, обеспечивающие взаимодействие человека с социальной средой; профессиональные компетентности, относящиеся к деятельности человека, в том числе и профессиональные. Компетентности, характеризующие личность, как субъекта жизнедеятельности отражают его свободу и ответственность выбора смысла и образа жизни, ценности жизни и культуры, знания и соблюдение прав и обязанностей гражданина, знания и соблюдение норм здорового образа жизни, физическую культуру человека, уверенность в себе и его собственное достоинство, гражданский долг, языковое и речевое развитие. Социальные компетентности, обеспечивающие взаимодействие человека с социальной средой, отражают его взаимоотношения с обществом, коллективом, семьей, друзьями, сослуживцами. Профессиональные компетентности, относящиеся к деятельности человека, отражают его познавательные способности и стремление к профессиональному саморазвитию, ориентацию в разных видах деятельности, характеризуются умением планировать, проектировать, моделировать, прогнозировать свою деятельность и своих подчинённых.

Заключение

Эти компетенции, проявляясь в поведении, служебной и боевой деятельности военнослужащего, становятся его личностными качествами, свойствами.

Соответственно, они становятся компетентностями, которые наряду с опытом, характеризуют военно-профессиональный компонент МПС личного состава. В таблице 1 представлена обобщенная проекция основных идей методологических подходов педагогической диагностики МПС личного состава ПС КНБ РК.

Таким образом, педагогический анализ подходов позволил выявить системные особенности, определить актуальные направления педагогической диагностики МПС личного состава и позволил раскрыть потенциал методологических подходов для определения основных характеристик МПС личного состава, его компонентов, наличие которых, в настоящее время, характеризуют эффективность процесса поддержания устойчивого МПС личного состава ПС КНБ РК.



Методологические подходы	Проекция на предмет исследования (основные положения)
Аксиологический подход	Идейные и ценностные ориентиры мировоззрения и деятельности – важная основа изучения личности военнослужащего при применении педагогической диагностики морально-психологического состояния личного состава ПС КНБ РК
Личностный подход	Психические процессы, свойства и состояния личности военнослужащего, и они производны, т.е. зависят от индивидуального и общественного бытия, условий СБД и поэтому обязательны для изучения в ходе применения педагогической диагностики МПС личного состава ПС КНБ РК
Компетентностный подход	Наличие компетентности у военнослужащего, обеспечивает успешное решение служебных и боевых задач и поэтому становится предметом изучения в ходе применения педагогической диагностики МПС личного состава

Таблица 1. Проецирование методологических подходов на педагогическую диагностику морально-психологического состояния личного состава ПС КНБ РК

Список литературы:

1. Степанов Е.Н., Лузина Л.М. Педагогу о современных подходах и концепциях воспитания. – М.: ТЦ Сфера, 2008. – 224 с.
2. Керимбаев Н.М. Свидетельство о внесении сведений в Государственный реестр прав на объекты, охраняемые авторским правом № 19702 от 10 августа 2021 года: К вопросу уточнения сущности и содержания термина «педагогическая диагностика морально-психологического состояния личного состава».
3. Таубаева Ш.Т. Методика организации и проведения педагогического эксперимента. Учеб. пособие. – Алматы: КазГосЖенПУ, 2012. – 167 с.
4. Зимняя И.А. Стратегический подход к воспитанию // Общая стратегия воспитания в образовательной системе России (к постановке проблемы): Коллективная монография. В 2 книгах. Книга 1 / под общей редакцией И.А.Зимней. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2001. – 253 с.
5. Прибытков А.А. Научно-педагогические основы морально-психологического обеспечения служебной и боевой деятельности ПС КНБ РК: дисс 6D106200 доктора философии (PhD). – Алматы. 2019. – 202 с.
6. Блауберг И.В., Юдин Э.Г. Становление и сущность системного подхода / И.В. Блауберг, Э.Г. Юдин. – М.: Наука, 1973. – 74 с.
7. Фролов И.Т. Философский словарь / Под ред. И.Т.Фролова. 7-е изд., перераб. и доп. – М.: Республика, 2001. – 719 с.
8. Тугаринов В.П. О ценностях жизни и культуры. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1960. –156 с.
9. Безрукова В.С. Словарь нового педагогического мышления / В.С. Безрукова. – Екатеринбург, 1992. – 89 с.
10. Выготский Л.С. Психология развития человека. – М.: Эксмо, 2005. – 254 с.
11. Крысин Л.П. Толковый словарь иноязычных слов. – М.: Рус.яз., 1998. – 848 с.

Н.М. Керімбаев, Ә.Б. Мұқатай

Жеке құрамның моральдық-психологиялық жай-күйінің педагогикалық диагностикасын қолдану проблемасын зерттеудің әдіснамалық тәсілдері



Мақалада жеке құрамның моральдық-психологиялық жай-күйін зерделеу кезінде қолданатын әдіснамалық тұғырдың педагогикалық талдамасы ұсынылған. Моральдық-психологиялық жай-күйдің педагогикалық диагностикалауының ішкі мазмұны, сонымен қоса идеялы және құндылық нысандар көзқарастары ашылған. Жеке құрамның моральдық-психологиялық жай-күйін педагогикалық диагностикалауының қолдануы бойынша әдіснамалық тұғырлардың әлеуеті қарастырылған. Аксиологиялық, жеке өзіндік, және құзыреттілік тұғырлардың ішкі мазмұны мен ұғымның анықтаулары беріледі. Қазақстан азаматтары, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскериқызметкерлерінің бойында қалыптасуы-мыс құндылықтарының егжей-тегжейлері ашылған.

Педагогикалық процестегі жеке өзіндік тұғырды ашу кезінде, басшының жеке тұлға ұғымына, әскериқызметкерлердің жеке-өзіндік ерекшеліктеріне және моральдық-іскери қасиеттерін білу қажет ететіне көңіл бөлінеді. Құзыреттілік тұғырды зерттеу барысында, Қазақстан Шекара қызметінің қызметтік және жауынгерлік іс-әрекетін моральді-психологиялық қамтамасыз ету шеңберінде жеке тұлғаны тіршілік әрекетінің субъекті ретінде мінездеме беруіндегі құзыреттіліктер ашылады. Әдіснамалық тұғырларды жеке құрамның моральді-психологиялық жай-күйін педагогикалық диагностикалауына өлшеп қарауы қолданылады.

Кілт сөздер: әдіснамалық тұғырлар, құндылықтар, жеке құрам, педагогикалық диагностикалау, моральді-психологиялық жай-күйі.

N.M. Kerimbayev, A.B. Mukhatay

Methodological approaches to the study of the problem of applying pedagogical diagnostics of the moral and psychological state of personnel

This article proposes a pedagogical analysis of the application of methodological approaches in the study of the moral and psychological state of personnel. The essence of pedagogical diagnostics of the moral and psychological state, as well as the ideological and value orientations of the worldview are revealed. The potential of methodological approaches in relation to pedagogical diagnostics of the moral and psychological state of personnel is considered. Definitions of the concept and essence of the axiological, personal and competency-based approaches are given. The values that the citizens of Kazakhstan, including the military personnel of the Border Service of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan must have, are disclosed in more detail.

In the course of revealing the personal approach in the pedagogical process, attention is paid to the concept of personality, which requires the leader to know the individual characteristics and moral and business qualities of military personnel. In the course of studying the competency-based approach within the framework of the moral and psychological support of service and combat activities of the Border Service of Kazakhstan, competencies are revealed that characterize a person as a subject of vital activity. Focus of methodological approaches onto pedagogical diagnostics of the moral and psychological state of personnel is used.

Keywords: methodological approaches, values, personnel, pedagogical diagnostics, moral and psychological state.

References:

1. Stepanov, E.N., Luzina, L.M. (2008). Pedagogu o sovremenny h podhoda h i konsepsiah vospitania [To the teacher about modern approaches and concepts of education]. – M.: TS Sfera.



– 224 p.

2. Ktrimbayev, N.M. (2021). Svidetelstvo o vneseni isvedeni v Gosudarstvennyi reestr prav na obekty, ohranäemye avtorskim pravom № 19702 ot 10 avgusta 2021 goda: K voprosu utochneniya suşnosti i soderjania termina «pedagogicheskaia diagnostika morälno-psihologicheskogo sostoiania lichnogo sostava» [Certificate of entry of information into the State Register of Rights to Objects Protected by Copyright No. 19702 dated August 10, 2021: On the issue of clarifying the essence and content of the term "pedagogical diagnostics of the moral and psychological state of personnel].

3. Taubaeva, S.T. (2012). Metodika organizatsii i provedeniya pedagogicheskogo eksperimenta [Methods of organizing and conducting a pedagogical experiment]. Uchebnoeposobie. – Almaty: KazGosJenPU. – 167 p.

4. Zimnäia, İ.A. (2001). Strategiälnyi podhod k vospitaniiu [A strategic approach to education] // Obşaia strategiya vospitaniya v obrazovatelnoi sisteme Rosii k postanovke problemy: Kolektivnaia monografiya. V 2 knigah. Kniga 1 / pod obşairedaksiei İ.A. Zimnei. – M.: İssledovatelskiy centr problem kachestva podgotovki spetsialistov. – 253 p.

5. Pribytkov, A.A. Nauchno-pedagogicheskie osnovy morälno-psihologicheskogo obespecheniya slujebnoi i boevoi deiatelnosti PS KNB RK: diss 6D106200 doktora filosofii (PhD). [Scientific and pedagogical foundations of moral and psychological support of service and combat activities of the PS of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan: dissertation of the Doctor of Philosophy (PhD)]. – Almaty. – 202 p.

6. Blauberg, İ.V., İudin, E.G. (1973). Stanovlenie i suşnost sistemnogo podhoda [Formation and essence of the system approach] / İ.V. Blauberg, E.G. İudin. – M.: Nauka. – 74 p.

7. Frolov, İ.T. (2001). Filosofski slovär [Philosophical Dictionary] / Pod red. İ.T. Frolova. 7-e izd., pererab. idop. – M.: Respublika. – 719 p.

8. Tugarinov, V.P. (1960). O senostäh jizni i kültury [About the values of life and culture]. – L.: İzd-vo LGU. – 156 p.

9. Bezrukova, V.S. (1992). Slovär novogo pedagogicheskogo myşlenia [Dictionary of new pedagogical Thinking] / V.S. Bezrukova. – Ekaterinburg. – 89 p.

10. Vygotski, L.S. (2005). Psihologiya razvitiya cheloveka [Explanatory dictionary of foreign words]. – M.: İzd-vo Smysl; Eksmo. – 254 p.

11. Krysin, L.P. (1998). Tolkovyi slovär inoiazychnyh slov [Explanatory dictionary of foreign words]. – M.: Rus.iaz. – 848 p.

Керімбаев Маратұлы	Нұрлан	запастағы полковник, Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясы кафедрасының профессоры, әскери іс және қауіпсіздік магистрі, Алматы, Қазақстан
Керимбаев Маратович	Нурлан	полковник запаса, профессор кафедры Пограничной академии КНБ Республики Казахстан, магистр военного дела и безопасности, Алматы, Казахстан
Kerimbayev Nurlan		colonel of the Reserve, professor of the Department of the Border Academy of the National Security Service of the Republic of Kazakhstan, Master of Military Affairs and Security, Almaty, Kazakhstan

Мұқатай Бақытжанұлы	Әспет	полковник, Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясы ғылыми қызмет басқармасы бастығының орынбасары, әскери іс және қауіпсіздік магистрі, Алматы, Қазақстан
Мухатай Бақытжанұлы	Аспет	полковник, заместитель начальника управления научной деятельности Пограничной академии КНБ Республики



	Казахстан, магистр военного дела и безопасности, Алматы, Казахстан
Mukhatay Aspet	colonel, Deputy Head of the Department of Scientific Activity of the Border Academy of the National Security Service of the Republic of Kazakhstan, Master of Military Affairs and Security, Almaty, Kazakhstan



Г.Ж. Орда¹

¹М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан
(E-mail: Orda_68@mail.ru)

Күреске толы өмір

Партизан жазушы, көрнекті қаламгер, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің белсенді ұйымдастырушысы, Республикаға еңбегі сіңген мұғалім, филология ғылымдарының докторы, әдебиеттанушы-ғалым Әди Шәріповтің білім-ғылым жолындағы күреске толы өмірі қарастырылған. Майдангер қаламгердің өмір белестерін саралау барысында Ұлы отан соғысы жылдарындағы партизандық жорықтарына шолу жасалған. Қайраткердің өмірге келгенінен бастап, жүріп өткен жолына жасалған шолуда ол өмір сүрген кеңестік дәуір тұсындағы мәдениет пен әдебиет төңірегіндегі саяси қаулыларға, кеңестік идеологияға бүгінгі күн тұрғысынан баға берілген.

Кілт сөздер: әдебиет, қоғам, өмір, білім, ғылым, тұлғатану, майдангер қаламгер.

Партизан жазушы Әди Шәріповке арналады.

Кіріспе

Партизан жазушы, көрнекті қаламгер, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің белсенді ұйымдастырушысы, Республикаға еңбегі сіңген мұғалім, филология ғылымдарының докторы, әдебиеттанушы-ғалым Әди Шәріпов 1912 жылы 19 желтоқсан айында Семей облысы, Жарма ауданы, Мариновка деревнясында дүниеге келді.

Әдидің атасы Қайранбай ақсақал Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Былқылдақ ауылының тумасы. Ол – Уфа қаласындағы медреседе оқып, 1890 жылы өз қаражатына ауылдан медресе салдырып, қазақтың қара сирақ балаларын білім нәрімен сусындатқан жан. Бұл медресе 1913 жылы жалпы білім беретін мектепке айналған. Указной молда қызметін атқарған ол медресе жанынан интернат ашып, заман талабына сай орыс мұғалімдерін шақырып, біртіндеп жаңаша оқуға көшірген. Әкесі Шәріптен екі жасқа жетпей жетім қалған Әди атасы Қайранбайдың осы ісін кеңестік дәуір тұсында қайта жалғастырды.

Шешесі Ғазизаның тәрбиесінде болған ол 1927 жылы орыс мектебіне оқуға барып, 1928-1929 оқу жылында қаражаттың жоқтығынан мектепке бара алмай қалады. Орысша хат танып, білім нәрінің дәмін татқан жас Әди жаз шыға Байбол қойшыға көмекші болып қаражат жинап, жаңа оқу жылы басталғанда оқу іздеп Семейге аттанады [1].

Мектепті бітірген соң, Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ



педагогикалық институтын тәмамдаған Әди Шәріпов өмірінің дені шәкірт тәрбиелеуге арналды. Еңбек жолын Краснодарскідегі педагогикалық техникумда (1937), Қаскелең қаласындағы мектепте (1938) қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған ол 1939 жылы Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскер қатарына алынады. Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінен бастап, Белоруссия жерінде жаумен бетпе-бет келген ол 7-танк дивизиясының құрамында неміс-фашист басқыншыларына қарсы соғысқа қатынасады. 1941 жылдың шілде айының аяқ кезінде фашист басқыншыларының қоршауында қалып, жау тылында Беларуссияның Мухин орманында партизан отрядтарын ұйымдастырады. Партизан отрядының командирі, 2-Клетня партизан бригадасының комиссарының орынбасары болған ол 1944 жылы жараланып елге оралады.

Алғашында ұлағатты ұстаз, кейін қаһарман партизан, одан қоғам және мемлекет қайраткері, атақты жазушы, білікті ғалым болған Әди Шәріповтің қаламынан «Азамат жолы», «Партизан қызы», «Ормандағы от», «Қапастағы жұлдыздар», «Тон», «Сойқанды жылдар» секілді деректі хикаялармен бірге «Сахара қызы» сынды эпикалық роман да туды [2].

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында тарихи-логикалық зерттеу тәсілдері қолданылды. Сонымен қатар, гуманитарлық білім мен ғылымның негізгі әдістері мен тәсілдері мақаланың қойылған мақсатына жетуге көмектесетін ғылыми құралдар жүйесі болып қала береді.

Негізгі бөлім

Әди Шәріпұлы 1944-1958 жылдары – Қазақ ССР Оқу министрінің орынбасары, 1958-1963 жылдары – Қазақ ССР Оқу министрі қызметін атқарды. Ұлы Отан соғысы жылдарында басқыншы жаумен күрескен Әди Шәріпов бейбіт өмірде оқу-ағарту саласында да үлкен күрескерлікпен танылды. Оны партизан жазушының «Сойқанды жылдар» атты деректі хикаясынан көруге болады. Бұл шығармаға майдандағы емес, Оқу министрлігінде (халық комиссариатында) қызмет еткен жылдарындағы аты шулы айтыс-тартыстар негіз болған. Ол өзі куә болған оқиғаларды өзгеріссіз, шынайы қалпында баяндаған. Сондықтан да мұнда өмірде болған адамдар мен нақты оқиғалар таратыла сөз болады. Жекелеген оқиғаларды баяндау барысында Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы П.К. Пономаренко, Орталық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Гаврилов Журин, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Жұмабек Ташенов, Орталық партия комитетінің үгіт-насихат және мектеп бөлімінің меңгерушісі Храмков сынды басшылардың толымды бейнесі жасалады [3].

Соғысқа дейін ұстаздық еткен, Отанды жаудан қорғауда жанкешті батырлығымен танылған Әди Шәріповты Орталық партия комитеті 1944



жылы Оқу комиссары Әбдіхамит Ібінейұлы Сембаевқа орынбасар етіп тағайындайды. Алғаш жұмысқа келген сәтінде министр кезекті еңбек демалысында болады да, өзіне беймәлім жұмысты неден бастарын білмей дал болғанын: «Жұмысты неден бастап, неден қоятынымды білмеймін. Күніне әрқилы кеңсе қызметкері келіп-кетіп жатады. Олардан бір нәрсені сұрайын десем намыстанамын», – деп есіне алады. Алғашында осылай қысылған Әдекең көп ұзамай, Оқу министрлігін (Оқу комиссариаты осылай аталды) толық игеріп, мектеп жұмысын басқаратын орынбасардың қызметін өз дәрежесінде атқарды. Бұл – білім, ғылым саласындағы сойқанға толы қырқыншы жылдар еді. Бүкіл елді аландатқан 1947 жылғы «Қазақ Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының өрескел саяси қателері туралы» Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің аты шулы қаулысы ұлттық мұраларымызға қауіп төндіргені белгілі. Ал, осы қаулыға тікелей жауап беретін Оқу министрінің мектеп жұмысын басқаратын орынбасары екені айтпаса да түсінікті. Орталық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімін басқарған Храмков «кертартпа, ұлтшыл ақын» саналған Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір, Дулат және Ғұмар Қарашев сияқты ақындарды мектеп оқулықтарынан алып тастауды талап етеді. Ә. Шәріпов басқарған Оқу-методикалық кеңестің С. Мұқанов, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Қ. Жармағанбетов, Ә. Сыздықов, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, С. Кеңесбаев тәрізді мүшелері оларды түгел алып тастауға болмайтындығын ескеріп, шығармаларын ашықтан-ашық сынап айту керек дегенге тоқтайды. Осы тұста коммунист Ә. Шәріпов партияның шешіміне қарсы шығып: «Әр халықтың әдебиетінде екі түрлі ағым болады. Қазақ әдебиетінде кертартпа, оған қарсы прогрессивтік бағыт болды. Сондықтан біз екі түрлі ағымдағы әдебиетті қарама-қарсы қойып талдаймыз», – деген пікірді бетке ұстап, оларды түгелдей алып тастауға болмайтындығын дәлелдеп, табандап тұрып алады [4]. Бірақ Қ. Жұмалиев пен Е. Ысмайылов сынды авторларды мектеп оқулығында қалдыруға шамасы жетпей дал болады. Тұрақты авторларынан айрылған тұста Әдекең тағы бір батырлыққа барып, 1951 жылы орта мектептің ҮІІІ-ІХ сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығын «Редакциясын басқарған – М. Ғабдуллин» деп шығарып жібереді. Екі батырдың осы ерлігін ол кезде баспада редактор болып жұмыс істеген Тұрсынбек Кәкішев «Қамқоршы» деген естелігінде тарата айтқан болатын. Қ. Жұмалиевтің аты-жөні алынып тасталғанмен, оқулық мазмұны сол қалпында қалғандықтан Әдекең бұл ерлігі үшін жауап берді. Басшылық осындай өрескел қателікке барған, «Оқу құралдарының авторларын дұрыс іріктеп алмаған» баспа директоры Әбу Сәрсенбаевты қызметтен босатады. Сонымен бірге тексеру комиссиясы мектеп оқулықтарына «И. Маманов, Ш. Кәрібаев, Ә. Шәріпов, Ғ. Бегалиев, С. Кеңесбаев сияқты тағы басқа ірі байлардың балалары авторлардың құрамында әлі жүр» деген айып тағады.

Мектеп оқулықтарының тұрақты авторлары сотталып кеткен соң, жас авторларды дайындауға бел шеше кіріскен Ә. Шәріпов сол тұста әдебиетке белсене араласып жүрген З. Қабдолов, А. Нұрқатов, М. Базарбаев, С. Қирабаев, Б. Сахариев тәрізді жастарды оқулық жазуға тартады. Аға буын



өкілдерінің жаппай қуғын-сүргінін көрген бұл буынға заманның, қоғамның өзі үлкен міндет жүктеді. Сондықтан бұлардың авторлығы ұзақ сақталып, XX ғасырдың екінші жартысы мен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мектеп оқулықтарында қалды.

Қазіргі таңда мектеп оқулықтары үнемі сынға ұшырап жатады. Оның басты себебі – авторларының тәжірибесіздігі. Біз мектеп оқулығының авторларын тұрақтандыруда Әди Шәріповтің әдісін қолданғанымыз жөн. Оның өзі іріктеп алған, өзі тәрбиелеп шығарған авторлары не себепті 50-60 жыл мектеп оқулығына автор болғанын жадымызда ұстауымыз керек.

Оның министрлікте істеген жылдары айтыс-тартысқа толы болды. 1951 жылы «Қазақстан тарихын маркстік-лениндік бағытта игеру үшін» деген мақала шығады. Мұнда профессор Бекмахановқа соққы беріледі. Мақала авторлары: «XIX ғасырдың орта шенінде болған Кенесары-Наурызбай көтерілісі Ресейге қарсы болған көтеріліс еді. Профессор Бекмаханов осы көтеріліске прогрессивтік көтеріліс деген баға беріп, жеке-дара кітап шығарды. Сөйтіп, саяси қате қорытынды жасады. Ол ұлтшылдық сарында жазылған еңбек», – деп соқты. Осылайша Қазақстан Орталық партия комитетінің үгіт-насихат жөніндегі хатшысы Ілияс Омаровтың тұсында жұрт бірінің үстінен бірі негізсіз арыздарды қаптатып жатты. Бұлар – І. Омаров пен Ә. Шәріповке қарай тасадан атылған тастар еді. Тексеру комиссиясы 1950-1951 оқу жылындағы кәмелеттік аттестатқа арналған тарих пәнінің емтихан сұрақтарына: «Ұлт аймақтарының Россияға қосылуының прогрессивтік мәні өте зор болғанын ашық айтпайды, оның орнына орыс халқы мен Россия халықтарының мәдени байланысын (астын сызған – Ә.Ш.) ғана айтады да, біздің еліміздің хлқтарының мәдени өсуіне алдыңғы қатарлы орыс мәдениетінің жетекші қасиетінің басты мәселе екенін естен шығарады (45-билетке қара, 2-сұрау)», – деген айып тағады. Оқулықтар мен емтихан билеттерінен табылған саяси қателіктерге тойтарыс беру оңай шаруа болған жоқ. Осы даудың бәрін басу үшін Әдекең бар күш жігерін, білік-білімін жұмсап, майдан даласынан жинап келген атақ абыройын салды.

Мектеп оқулықтарын ары сынап, бері сынап оны қызметінен босата алмағандар енді шыққан тегінен кілтипан іздеуге тырысады. Екі жасында дүниеден өткен әкесі Шәріп пен атасы Қайранбайдың Меккеге барып қажылық жасағанын, олардың ауқатты кісілер болғанын бетіне салық етіп, енді өз басына тиісе бастайды. Бұл тұста Әдекеңді Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы П.К. Пономаренко: «Шәріпов – Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбегі үлкен адам. Жаудың тылында жүріп, партизан отрядын ұйымдастырып, ерлік істеген кісіні оның екі жасында өлген әкесі мен әкесінің іні-ағалары үшін айыптау, қызметінен босату ешқандай әділдікке жатпайды. Мұндай адамды қошеметтеудің орнына қудалау – барып тұрған солақайлық, сорақылық», – деп қорғап, себепсіз арыздардың жөнсіздігін айтып тойтарып тастайды. Осылайша, оны атеизм тұсында қажы аталарының аруағы қолдап, аман алып қалады.

Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы И.Д. Яковлев болып тұрған тұста тағы бір дүрбелең басталады. Бұл қазақ газеттерін орыс



тілінен аударып шығару жөніндегі тартыс еді. Мұнда да Ә. Шәріпов Ж. Тәшенов сынды азаматтармен бірге жолсыздыққа жол бермей, Журиншілдермен (екінші хатшы) ашық күреске түсті. Осы кезде ана тілінің жырын жырлаған Рахманқұл Бердібаевтың мақаласын басқан «Қазақ әдебиеті» газетінің өзін жабу керек деген «данышпандар» да табылды. Ушығып кеткен бұл мәселе Қазақстан орталық партия комитетінің бюросында қаралады. Ол жөнінде: «Айналдырған құдай алмай қоймайды» дегендей, Журин өз ұсынысын өткізеді. Ол бюроға қатысушылардың ішінде Жұмабек Ташеновтен басқа қазақ атаулылар ауыздарын буған күйінде отырыпты. Ал Жұмекең болса, Журиннің республика газет-журналдарын орыс тілінен аудармаға айналдыру – қазақ тілінің келешегіне ор қазу, біздің мәдениетіміздің тоқырауына, құлдырауына мүдделі болу. Мен бұл ұсынысқа қарсымын деген ойын ашықтан-ашық айтады. Бірақ «жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпастың» кері болды», – дейді Ә. Шәріпов. Жұмабек Ташеновтің халқы мен елі, ана тілі алдындағы көзсіз батырлығы кейін өз басына сор болып жабысқаны белгілі.

Оқу министрлігінде жүргенде оның тындырған тағы бір ісі – «Қазақстан мұғалімі» («Учитель Казахстана»), «Қазақ тілі мен әдебиеті» сынды мұғалімдерге арналған республикалық газет-журналдардың шығуы. Шалғайда жатқан мектеп мұғалімдері оқытудың әдістемесі мен тәжірибесін, оқу үрдісінің жаңа әдіс-тәсілдерін бөлісіп, бір-бірімен тәжірибе алмастырсын деген мүддені көздеген бұл басылымдар өз мақсатына жетті. Бұл басылымдар бір ашылып, бір жабылғанмен күні бүгінге дейін елге қызмет етуде. Әдекеңнің осы бастамасы нәтижелі болып, 2008 жылдан республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық «Қазақ тілі мен әдебиеті – қазақ, орыс сыныптарында» журналы жарық көре бастады. Мектеп мұғалімдері үшін тәжірибе жинақтаудың алғашқы құралы болып табылатын бұл басылымда заманауи озық тәжірибелер мен рухани құндылықтар жөнінде мол мағлұмат алуға негіз бар.

Сонымен бірге бұл жылдары мектептерді өндіріс орындарымен байланыстырып, оқушыларды еңбекпен тәрбиелеу ісіне көңіл аударылды. Ауылдық жерлердегі мектептерге жер бөліктері беріліп, мектеп жанынан әртүрлі шеберханалар ұйымдастырыла бастады. Ауылдық жерлердегі мектеп оқушылары бау-бақшаларда жеміс-жидектер өсірсе, қала мектептеріндегі оқушылар ұстаханалар мен шеберханалармен бірлесе жұмыс жасады. Мұның барлығы – мектеп жасындағы балаларды еңбекке баулудың министрлік тарапынан ұйымдастырылуы еді.

Ол оқу-ағарту саласына жалпы білім берудің негізгі үш жолын енгізді. Оның біріншісі – сегіз жылдық мектептен кейін өндіріске бару. Бірақ олардың өзі оқудан қол үзбей, өндірісте жұмыс істей жүріп жоғары сыныптарды сырттай оқуға, орта дәрежелі білім алуға тиіс. Екіншісі – жалпы орта білім беретін политехникалық еңбек мектептері. Мұндай мектептерде білім алған жастар белгілі бір мамандықтың иесі болып шығады. Үшіншісі – сегіз жылдық мектепті бітіргендердің училище мен техникумдарда орта дәрежелі білім алуы. Білім берудің соңғы екі түрі қазіргі таңда жүзеге



асырылып келе жатқанын еске алатын болсақ, мұның басы-қасында Әди ағамыздың аты тұрғаны белгілі.

Әди Шәріпов ұлт тілін орыс мектептерінде міндетті түрде оқыту, ұлт мектептеріндегі ана тілі мен әдебиетінің сағатын көбейту сынды пікірлерін РСФСР оқу министрлігіне сынамалап жүріп өткізді. Сонымен бірге ол – оқу-әдістемелер мен көркем құралдарды әр республика өзі дайындауы керектігі жөнінде мәселе көтеріп, мектептерді оқу-құралдармен, көрнекіліктермен қамтамасыз ету жағын да оң шеше білген ұйымдастырушы. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде аралас мектептер көбейіп, қазақ мектептері жабыла бастады. Бостандық ауданы Өзбекстанға өткенде 150 қазақ мектебі тұтасымен Өзбек Республикасына қарады. Қазақ мектептерінің санын көбейту, аралас мектептерді жою Оқу министріне оңай болған жоқ. Оның жолында шыдам мен төзім таусылып, жүйке жұқарды. Бірақ Әдекең бұл тұста да күрескерлігінің арқасында қазақ мектептерінің саны мен қазақ тілі пәніне берілген сағат санын көбейте бастады.

Оқу министрі тындырған игілікті шаруаның бірі – аудан, облыс орталықтары мен Қазақстан республикасының астанасы Алматы қаласында шалғайда жатқан малшылардың балалары оқитын мектеп-интернаттар салу. Облыс, аудан орталықтарынан ашылған осындай интернаттардың қатарында Алматы қалдасындағы №4 мектеп-интернатты ерекше атауға болады.

Қазақ ССР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болған 1963-1966 жылдары Әди Шәріпов республикадағы жоғары оқу орындарын ашуға да белсене араласып, Шымкенттен химия-технология, Алматыдан Қыздар педагогикалық, Консерватория, Дене шынықтыру, Семейден Медициналық және Мал дәрігерлік, Оралдан Ауылшаруашылық, Қарағандыдан Медицина және Кооператив институттарын ашып, оларды құрал-жабдықтармен, оқытушылармен қамтамасыз етті. Автордың өзі айтқандай сойқанға толы бұл жылдар Ә. Шәріповтің өмірінен ғана емес, қазақ халқының тарихынан үлкен орын алар айтыс-тартыстарға толы жылдар еді. Ол дауға айналған кез келген мәселені қазақ халқының, өз ұлтының пайдасына шешуге тырысты. Айтыс-тартыстардың мемлекет тарапынан оң шешімін табуға атсалыса жүріп, майданда ғана емес, бейбіт өмірде де партизандық жұмыстарды шебер ұйымдастырды.

Ол 1963-1966 жылдары Қазақ ССР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары және Сыртқы істер министрі, 1966 жылдың наурыз айынан 1971 жылдың ақпан айына дейін Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының Бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. Әди Шәріпұлы 1971-1979 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры болды. 1979 жылдың ақпан айынан бастап сол институттың аға ғылыми қызметкері міндетін атқарып, 1989 жылдан 1993 жылы дүниеден өткенге дейін шығармашылық қызметпен айналысты.

Әди Шәріпұлы көрнекті жазушы есебінде көпшілікке белгілі. Ол тәжірибелі әдебиетші, сыншы, ғалым ретінде 350-ден астам ғылыми және публицистикалық мақалалардың, педагогика жөніндегі ғылыми зерттеулердің авторы. Қазақ әдебиетінің екі белгілі ақындары – Жұмағали



Саин мен Сырбай Мәуленов туралы жазған «Жұмағали Саинның өмірі мен творчествосы» [5], «Сырбай Мәуленов творчествосы» [6] сынды еңбектері жұртшылық арасында кеңінен танымал. Ә. Шәріпұлының «Қазіргі дәуір және қазақ кеңес әдебиетінің даму проблемалары», «Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық» атты зерттеулері және бар. Өзі қызмет еткен М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты оның 100 жылдығы қарсаңында «Қазіргі дәуір және әдебиет» атты таңдамалы зерттеулерін шығарғалы отыр. Мұның өзі ғалым зертеулерінің күні бүгінге дейін құнын жоғалтпағандығын байқатады. Ол ІХ кейінгі жылдары Х класқа арналған қазақ әдебиеті хрестоматиясының құрастырушысы болды. Бұл кітап 1948 жылдан бастап жыл сайын қайта басылып отырды.

Ташкентте ерекше аталған, Алматыда кейінірек болған кинофестивалда КСРО Қорғаныс Министрлігінің жүлдесіне ие болған «Орман хикаясы» атты кинокартина сценариіның авторы. Документалды – көркем шығармасы «Алыс жағалаулар» атты жазбаларында, эсселерінде шет елдерде бірнеше дүркін болған кездегі әр қилы оқиғаларды арқау еткен. Автор шетелдерде болғанда алуан түрлі адамдармен кездесіп, әр қилы көзқарасты біздің планетамыздағы жұртшылықтың өмір шындығын өте қызықты, көркемдік шабытпен бейнелейді.

Жазушының тақырыбы әр қилы – ол Ресей мен Қазақстан халықтарының достығы мен тарихы, қазақ әйелдерінің бас бостандығы мен ерлігі, тағдыры, адамның өсіп жетілуі, оның адамгершілік серпінінің дамуы, тағы басқа мәселелер туралы бейнелейді. Жазушының кітаптары көптеген халықтардың тіліне аударылып басылды.

Ең үлкен де әйгілі Ағылшын елінің Кембридж қаласындағы халықаралық өмірбаян Орталығы шығарған анықтамалықтың жазушылар мен публицистерге арнап, 1989 жылдың басында шыққан 11-басылымында Әди Шәріпұлының өмірі мен шығармашылығы хақында қысқаша айтылған еді, ал осы Орталық шығаратын «Планетаның аса көрнекті адамдары» атты Анықтамалықтың 15-томында Әди Шәріпұлының өмірбаяны енгізілді.

Қазақ энциклопедиясынан әр жылдары шыққан еңбектерде ол туралы толық мәліметтер берілді. 2010 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған «Қазақ көркем сөзінің шеберлері» атты ұжымдық анықтамалыққа [7] және Ұлы Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында жарық көрген «Майдангер қаламгерлер» атты жинаққа [8] «Әди Шәріпов» атты тарау академик С. Қирабаевтың авторлығымен енді. Онда қаламгердің өмірі мен шығармашылық портреті жасалды. Әдебиеттанушы ғалым Г. Орданың «Жақсылыққа жаралған жүрек» мақаласында ол туралы жазылған естеліктер қайта сөйледі [9].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, оқу-ағарту саласында өткен ғасырда Әди Шәріпов негізін қалаған игілікті істер бүгінгі таңда жалғасын табуда. Мұның өзі оның қазақтың жарқын болашағы үшін жасаған әрбір еңбегінің өміршендігін



байқатады. Ол Әзілхан Нұршайықовтың – Әр күнді қандай тілекпен бастайсыз? – деген сауалына – Әр күнім адамдарға пайда келтірумен өтсе екен деймін, – деп жауап берген екен. Әр күнін адам баласына пайда келтіруге арнаған ол қазақ халқының жарқын болашағы үшін жаудан да, даудан да қорықпай ашық күресті. Майданның алғы шебінен табылған партизан бейбіт өмірде де алдыңғы шепте қызмет етті. Біз оның Оқу министрлігінде қызмет еткен кезіндегі тек білім, ғылым жолындағы күрескерлігін ғана сөз еттік. Ал, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Жазушылар одағының бірінші хатшысы, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры болған жылдары талай игілікті шараларды жүзеге асырғаны өз алдына бөлек әңгіме.

Әдебиеттер тізімі:

1. Орда Г. Ә.Шәріпов [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу тәртібі: // <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/913>. (қаралған күні 27.09.2022).
2. Шәріпов Ә. Партизан қызы. Ормандағы от. Тон: Повесть. – Алматы: Жазушы, 1968. – 439 б.
3. Шәріпов Ә. Сойқанды жылдар. – Алматы: «Ел Шежіре», 2012. – 280 б.
4. Шәріпов Әди. Жақсылыққа жаралған жүрек: естеліктер, арнау өлеңдер, хаттар мен құжаттар. – Алматы: Орхон, 2010. – 408 б.
5. Шәріпов Ә. Жұмағали Саинның өмірі мен творчествосы. – Алматы: Оқу-Педагогика, 1964. – 200 б.
6. Шәріпов Ә. Сырбай Мәуленов творчествосы. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым баспасы, 1985. – 240 б.
7. Қирабаев С. Әди Шәріпов. Қазақ көркем сөзінің шеберлері. – Қарағанды: Экожан, 2010. – 512 б.
8. Қирабаев С. Әди Шәріпов. Майдангер қаламгерлер. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2010. – 136 б.
9. Орда Г. Жақсылыққа жаралған жүрек. – Қарағанды: Экожан, 2013. – 390 б.

Орда Г.Ж.

Жизнь, полная борьбы

Статья посвящена рассмотрению и воссозданию полной борьбы за образование и науки жизни писателя-партизана, видного прозаика, известного государственного и общественного деятеля, активного организатора образования и просвещения Казахстана, Заслуженного деятеля Республики, доктора филологических наук, литературоведа-ученого Ади Шарипова. Выделяя вехи жизни писателя-фронтовика, основное внимание обращено на его личный вклад в партизанское движение в годы Великой Отечественной войны. С точки зрения современной гуманитарной науки научный, просветительский и творческий путь А. Шарипова проанализирован в контексте развития культуры и литературы советского времени, в которое он жил. Советская идеология, ее приоритеты и ценности оцениваются с точки зрения сегодняшнего дня.

Ключевые слова: литература, общество, жизнь, образование, наука, личность, писатель-фронтовик.



G.Zh. Orda

A life full of struggle

The article is devoted to the consideration and reconstruction of the complete struggle for education and the sciences of life of the partisan writer, prominent prose writer, well-known statesman and public figure, active organizer of education and enlightenment of Kazakhstan, Honored Worker of the Republic, Doctor of Philology, literary scholar-scientist Adi Sharipov. Highlighting the milestones in the life of the front-line writer, the main attention is paid to his personal contribution to the partisan movement during the Great Patriotic War. From the point of view of modern humanities, the scientific, educational and creative path of A. Sharipov is analyzed in the context of the development of culture and literature of the Soviet era, in which he lived. The Soviet ideology, its priorities and values are evaluated from the point of view of today.

Key words: literature, society, life, education, science, personality, front-line writer.

References:

1. Orda, G.Zh. Adi Saripov. [Electronic resource]. – Retrieved from: // <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/913> [in kaz].
2. Saripov, A. (1968). Partizan kyzy [The partisan's daughter]. – Almaty: Zhazushy. – 439 б.
3. Saripov, A. (2012). Sohandy zhuldar. [The monstrous years]. – Almaty: «El sezirecy». – 280 p.
4. Saripov, A. (2010). Zakslykka zaralghan zurek [Hearts made for good: memoirs, dedication poems, letters]. – Almaty: Orhon, – 408 p.
5. Saripov, A. (1964). Zh. Sainnyn omiry men tborshectvacy [Zh. Sainnyn life and creativity]. – Almaty: Ohu-Pedagogica. – 200 p.
6. Saripov, A. (1985). Syrbai Maulenov tvorshectvacy [The work of Syrbay Maulenov]. – Almaty: Glym. – 240 p.
7. Saripov, A. (2010). Qazaq körkem söziniñ sheberleri[word art master]. – Karaganda: Ekojan. – 512 p.
8. Hirabaev, C., Saripov, A. (2010). Maydangher jazwzhılar. [military writers]. – Almaty: M.O. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – 136 p.
9. Orda G. (2013). Jaqsılıqqa jaralğan jürek [Hearts that do good]. – Karaganda: Ekojan. – 390 p.

Орда Гүлжахан Жұмабердіқызы	филология ғылымдарының докторы, профессор М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан
Орда Гүлжахан Жумабердиевна	доктор филологических наук, профессор М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Казахстан
Orda Gulzhahan	doctor of Philology, Professor of the Literature and Art Institute named after M.O. Auezov, Almaty, Kazhahstan



Б.С. Қлышбеков¹

¹48 ЖОББМ Меркі ауданы, Жамбыл облысы, Қазақстан
(E-mail: turarbek_zh1982@mail.ru)

Білім беру саласындағы тарих пәнінің аясында жас ұрпақтың әскери сауаты мен патриоттық санасын қалыптастыру

Бұл мақалада тәуелсіз Қазақстанның алға қойған өзекті мәселелерінің бірі мемлекеттік пен тұтастық тұрғысындағы әскери кадрлерді ерте жастан дайындау мәселелері туралы айтылады. Аталмыш мәселенің нәтижесіне қол жеткізу үшін мақала авторы жас ұрпақ санасында тарихи ойлау қабілетін ерте жастан қалыптастырып, ұлтжандылыққа Отандық тарих пәнінің аясында жұмыс жасау керектігін айтады. Мақала авторы сонымен қатар Отандық тарихтың қоғамда алатын орны мен оның маңыздылығы туралы да айтады. Мектеп қабырғасында оқитын оқушылардың тарихи ойлау қабілеттерінің қаншалықты жоғары болуы соншалықты келешекте мемлекеттің өміршеңдігі мен қауіпсіздігіне жауап бере алатын әлеуметтік феномен. Тарих пәнін дұрыс оқыта алу арқылы келешекте мемлекетке қажеттілік тудыратын сапалы әскери ресурстардың санын көбейтсек болады.

Кілт сөздер: тарих, патриотизм, әскери сауат, мектеп, білім беру.

Кіріспе

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап біздің алдымызда жаңа мәселелердің шешілмеген кешенді түрлері тұрған болатын. Сол мәселелерді шешу барысында Кеңестік дәуірде жазылған көптеген ғылыми кітаптарды қайтадан талдап жазып шығу керек болды. Кеңестік мектеп оқулықтарындағы КПСС тарихы жаңа мемлекетте сұранысқа ие болмай, Отандық деңгейде жаңа партиялар қанат жайып, көптеген Алаш зиялылары ақталды. Шекаралық комиссия негізінде қазіргі ҚР аумағы әлем картасында пайда болып, оларды қорғай алатын жаңа әскери бөлімдердің керектігі де ескерілді. Қазақ тілді мектептердің көптеп ашыла түсуі Отандық оқулықтардың жазылу үрдісін қарқындатты. Жаңа ұрпақтың тарихи ойлау санасын жаңарту мақсатында біраз мемлекеттік бағдарламалар іске қосылған болатын. Алаштану, Абайтану, Түркология сынды жаңа ғылымның қосалқы түрлері дүниеге келіп, қазақ тарихы жаңаланған еді. Қазақ хандығына байланысты тың деректердің ашылуы да назардан тыс қалмай, Кеңес үкіметінің құрамында болғанда оқытылмаған өздеріміздің аттары тысқары қалған хандарымыз бен билерімізбен қауыштық. Посткеңестік кеңістікте жаппай өз мәдениеттері мен тілдеріне, ата діндері мен әдет-ғұрыптарына қайта оралу процесстері жаппай орын алды. Бұл да біздің мемлекетімізді айналып өтпеді. Қазақстан ядролық қарудан бас тартқанымен, Отандық



армияның болуы және оның заманауи жабдықталуы заңды еді. Әсіресе, соңғы он жылда орын алған Посткеңестік кеңістіктегі әскери қақтығыстарды сараласақ, біздің мемлекетке ең алдымен ел мен жерді қорғауға қабілетті жауынгерлер ресурсының санының өскені қажет. Сандық принциптен сапаға қарай көтеру мәселесі толық шешімін таппады. Отансүйгіштікпен қаруланған әскер ғана Отанды барынша қорғауға қабілетті екенін жоққа шығара алмаймыз. Бұған да өз кезегінде уақыт керек. Мектептегі тарих пәні жағдайында Қазақстанның жаңа ұрпағының әскери білімі мен санасын қалыптастыру-зерттегелі отырған ғылыми мақаламның тақырыбының басты өзектілігіне айналып отыр.

Зерттеу әдістері

Зерттеу әдістері: тарихи-салыстырмалы әдіс, анализдеу, синтездеу, бинарлы әдіс, сандық және сапалы әдістер.

Негізгі бөлім

Тақырыптың зерттелу деңгейі тәуелсіздік алғалы қолға алынып, осы тақырыпта Отандық тарихшылар ізденіс зерттеу жұмыстарын аз жүргізбеді. Қазақ хандығының құрылу мәселесі бойынша Б. Кәрібаев, әскери өнері тұрғысында Е. Ноянов, мектеп оқушыларының Отан сүйгіштігіне байланысты Қ. Құнапина, Кеңес дәуіріндегі Алаш зиялылары туралы Г. Көкебаева, ашаршылық және оның қазақ элитасы мен әскери дайындығына тигізген әсеріне байланысты Т. Омарбеков, Қазақ хандығының халықаралық байланыстары мен сыртқы жауларымен күресі туралы М. Ноғайбаева есімді еліміздің тарихшылары айналысты. Қазақ хандығына байланысты тікелей жазылған деректердің аздығына байланысты кейде тақырыпты барынша ашу және зерттеу де қиындық туғызып жататыны анық. Қазақ хандығы мен оның әскери өнері және жаңа Қазақстанның әскери өнері мен мектептерде оқытатын тарих пәнінің құзіреті туралы Тбилиси университетінің профессоры М. Мацаберидзе де құнды ғылыми мақалалар жазып жүр. Тақырып бойынша жақсы ізденіс жұмыстары мемлекеттік тапсырыстарға байланысты жазылып, университет қабырғаларында оқытыла бастады.

Тарих қойнауында тек уақыт межесіне ғана сия алатын кешегі мен бүгінгінің іздері жатқан жоқ. Тарих деп жалпы сол белгілі өткен уақыт аралығында кез-келген ұлттың іс-әрекетіне дана уақыт тарапынан берілген баға мен креативті көзқарасын айтуға болады. Мемлекеттілікті қалыптастыруда саяси пән ретінде ғана өз рөлін атқарған тарих пәні негізінде өз иығына артылған заман талабына сай ұлттық құндылықтардың жойылып кетпеуін қадағалайтын мәдени барометр. Еліміз тәуелсіздік алмай тұрып Отан тарихына деген жаңа көзқарас Кеңес дәуірінде дүниеге келіп, ал соңғы он жылдықтар төңірегінде жаңа қарқынмен дамып келетінін аңғартты. Отандық тарихшылардың қазақ хандығы құрылған дәуірден бері қарай



болып өткен күрделі де қилы тарихи үрдістерді кейде саяси, кейде әскери тұстарынан түсіндіруі ғылым ордасында тарихи бәсекелестіктің өскендігін де аңғартты. Отандық тарихты оқытудың жаңа стандарттары дүниеге келді [1].

Алып Кеңес Одағы ыдыраған кезде құрамдас 15ірілі-ұсақты мемлекеттердің тәуелсіздік алып, жаңа әлем карталарында пайда болуы – ХХ ғасырдың есінде ұзаққа дейін сақталатын тарихи оқиғаға айналды. Түрік тілдес мемлекеттерді Түркия мемлекетінің тұңғыш құттықтауында да пантүркілік идеологияның жұрнағы жатқан секілді. Әр егемендік алған посткеңестікте орналасқан жас мемлекет бұрын ажырап қалған өздерінің тарихи иденттілігі мен ұлт болуға қажетті санайтын ұлттық құндылықтарын қалпына келтіруге жан салды. Бірінші кезекте мемлекеттік тілдер туралы заңдар қарастырылып, тіл мәртебесі қалпына келтірілді.

Екінші кезекте ұлтымыздың саяси символикасы, атаулық этимологиясы, ұрандары пайда болып, өзге де көне дәуірлердегі саяси дербестігін айғақтайтын тарихи құжаттар қоры молая түсті. 1991-жылғы Кеңестік жүйедегі саяси дағдарыс шешімін таппаған православиелік-славяндар мен мұсылман-түркілер дейтін алып екі этно топтардың арасындағы көптен пісіп-жетілген мәдени бәсекелестіктен де болуы мүмкін. Тұңғыш рет өзіміздің төл тарихымызда есімдері көптен бері аталмай қалған өз хандарымыз бен билеріміздің, қоғам қайраткерлері мен батырларымыздың, ақындар мен жазушыларымыздың ерен еңбектері дастанға толы өмірбаяндары Отандық тарихымызда оқытыла бастады. Көптеген Алаш қайраткерлері өз кезегінде ақталып шықты [2].

Тәуелсіздік алған алғашқы он жылдықта тарихшылар арасында қазақ елінің Қазақстан жеріне қайдан келгендігі және қазақ этнонимінің қайдан шыққандығы туралы дискуссионды сұрақтар туындап, ол ғылыми дебаттар тарих үшін жаңа ғылыми жаңалықтардың ашылуына да алып келді. Сақ қорғандары мен үйсін обаларының зерттелуі, Сыр бойы және Жетісу өлкесінің ортағасырлық қалаларының мәдени қабаттарының тексеріле қазылуы, Ұлы Жібек жолы бойындағы көне жолаушылар бекеттеріндегі өзге мемлекеттердің тиындарының табылуы Отандық тарихтың жаңа кезеңге көтерілуін тек тездетіп отырды.

Қазақ хандығының құрылуына тікелей қатысты шет елдік деректердің тәуелсіз мемлекет ішінде қайта зерттелулері бізді қазақ жерін мекендеген байырғы ұлттар мен ұлыстардың ізіне алып шықты. Т. Хантингтон есімді ағылшын саясаттанушысы өзінің «Өркениеттер қақтығысы» атты еңбегінде әлемдік өркениеттерді бірнеше топқа бөліп қарастырады. Сонда көшпенділік өркениеттің тек соңғы ғасырлар межесінде ғана саны басым отырықшы өркениеттерден жеңіліп қалғандығын айтты. Көшпенділік өркениет мұрагері есептелетін қазақ халқының алдында жаңа ғасырға бейімделіп ұлт өміршендігін арттыру мәселелері де тұрды.

Келесі кезекте жастардың рухани қалыптасуын және саяси белсенділігін тездету тұрған еді. Рухани тұрғыда қалыптасқан адамды Отансүйгіштікке де, ұлтжандылыққа да, патриоттық сезімдерге де баулу қиын емес болатын. Мемлекеттік тапсырыстардың да көпшілігі өз кезегінде патриоттық



сезімдерді ояту жолындағы жаңа еңбектердің жазылуы мен бағдарламаларға бағытталатын [3].

Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеген Б. Кәрібаев өзінің бір сұхбатында көне дәуір тарихын қаншалықты көп оқыса, соншалықты жаңа түсініктерге тап болатынын айтқан. Бір таныс М.Х. Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегін 25 жылда сонша рет оқығанында соншалық түрде тарихи сауатының артып, оқиғалар желісін басқа қырынан көре бастағанын айтқан болатын. Д. Дидро өзінің салыстырмалы зерттеуінде кез-келген тарихи құбылысқа жан-жақты қарап баға беру керектігін айтқан. Сол үрдіске үңіле түскен сайын адам тереңірек оның көлемін сезіне бастайды деген. Мәселен, топ адамдардың маршына біз іннен шыққан сарышұнақ не өзге бауырымен жорғалаушының көзімен қарасақ, біз үшін алпауыттардың маршы болар еді. Ал, егерде әуеде ұшқан бізтұмсық бүркіт көзімен қарайтын болсақ, майда шашылған нүктелерді көрер едік. Тек болған оқиғаға объективті түрде сол адамдардың көзімен ғана қарасақ, шынайы мазмұнды көре алар едік. Осы жағдайда еске «шындық көп, ал бірақ ақиқат жалғыз» деген даналардың сөз түседі. Бір өкініштісі қазақ тарихын ғасырлар бойы қазақтар жазған жоқ.

Өзге мемлекеттердің қазақ жері арқылы өткен көпестері мен миссионерлерінің еңбектерінің кейбір жерлерінде ғана атымыздың аталатындығы ғана болмаса, мемлекетімізге тікелей қатысты еңбектерді жоқ десек те болады. Ол авторлардың қазақ жері саналатын Дешті-Қыпшақта өмір сүрмегендігін және көбінесе болмағандығын ескерсек, бізге қатысты кейбір мәліметтердің бұрмаланып кетуі де ғажап емес. Мәселен, қазақ елінде өмір сүріп біз егерде алыстағы Куба мемлекеті туралы өзге адамдардың пікіріне қарап кубалықтар туралы жазып оларды бағалағанымыз дұрыс болмас еді. Бірақ қолда бар деректердің көмегімен біздер қазақ хандығының дәуірін толыққанды қалыпқа келтіріп, сол дәуірге байланысты біраз айтылмай кеткен ойдың бетін аша алдық. Қазақ хандығының әскери жағдайындағы өміріне қатысты да мәліметтер тобы зерттелді [2].

Қазақ хандығының саяси өмір сүрген дәурені тұсындағы әскери және мәдени қарым-қатынастарының жаңа тарих беттерінен көрініс таба бастауы да жас мемлекет үшін үлкен бастама болатын. Елбасының Қазақстан халқына жолдауы кезінде ұлтжандылық мәселелері де аз көтерілмеді. Соның аясында Отандық армияның қайтадан жабдықталып, ұлтжандылық негізде қайта құрылулары шарт болды. Кеңестік жүйедегі кейбір сәттерді әскердің құрамдас бөлігіне ғана айналдырып, ел әскерін түбегейлі рухани идеология шеңберінде қайта жасауға бағыттаған болатын. Арнайы қимыл топтарына мен бөлімшелеріне «арлан», «алаш», «жолбарыс», «бүркіт» сынды лақап аттар беріліп, олар жыл сайынғы жаңа рекруттерді тәрбиелеу лагеріне айналып кетті. Мемлекетіміз өзге де елдермен қатарлас бірге әскердің тәжірибе алмасу полигондарынан да өте бастады.

2004-жылғы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында мемлекеттік тапсырыспен көптеген тарихи шығармалар кітап дүкендері мен кітапханалардың сөрелерінде пайда болып, тарихи сананың жаңаруына өз үлесін қосқаны анық. Тарихи сананың жаңаруын кейбір ғалымдар мектеп



табалдырығындағы бүлдіршіндерден бастау керектігін айтты. Сол жылдары тұңғыш рет қазақ тіліндегі батырлар жанры сериясында бүлдіршіндерге арналған комикстер шыға бастады. Көгілдір экраннан: Алпамыс батыр, Қамбар батыр, Ер Тарғын, Қобыланды батыр, Ер Төстік, керкұла атты Кендебай сынды бейне мультфильмдер түсіріле бастады. Алдар көсе туралы фильмдер халық назарынан бірден шықты [4].

Жоғары оқу орындарының тарих факультеттерінде әскери өнер, қазақ хандығының соғыс тактикасы секілді пәндері бағдарламадан өткізіліп, студенттер үшін бұл жаңа білім қорымен толығыудың себебіне айналды. Кеңес дәуіріндегі пионерлер оқушылар отряды жас ұланға айналып, өлкетану курстары да қатар жүргізіліп жатқандары жалған емес. ҰБТ алғаш рет қолданысқа еніп, мектеп оқушыларының тапсыратын негізгі пәндерінің қатарында Қазақстан тарихы пәнінің болуы барлық жағдайды өзгерткені анық. Келешек абитуриент Қазақстан тарихы пәніне үлкен жауапкершілікпен қарай бастады. Дәріс беретін мектеп мұғалімдері де үлкен даярлық курстарынан өтіп, тарихи хронологиялық шеңбердегі ақпараттар қорын игеру үшін жаңа технологияларды игере бастады.

Тарихқа деген көзқарастың кеңейіп, саяси элита тарапынан оның жетілдіруіне оң көзқарас танытылуы бұл уақыт талабы болатын. Өз табиғаты тұрғысынан тарих пәнін саяси идеология пәні деп атасақ болады. Тарих пәнімен қатар мемлекетімізде өзге де алуан мәселелердің басы ашылмай тұрған еді. Солардың бірі ретінде мемлекет армиясын айтуға болады.

Қазақстан тәуелсіздік алған тұстан бастап ең бір өзекті мәселелердің бірі болып елдің қауіпсіздігі саналды. Ел қауіпсіздігіне өз кезегінде әскери бөлімдер мен бөлімшелер тек содан кейін барып қана халықаралық ұйымдар жауап береді. Яғни, мемлекеттік әскердің қаншалықты жақсы жабдықталуы мемлекеттік біртұтастылық үшін ең бір керекті ресурстардың бірі саналады. Мемлекеттік талаптарға сай заманауи жабдықталған әскери бөлімшелер құрыла бастады. Тұтас алғанда Қазақстан мемлекетінің санының аз екенін ескерсек, сәйкесінше әскер да сан жағынан небәрі 75-80 мың шамасын құрап отыр. Бұл Қазақстан секілді саны аз мемлекеттерге тән жағдай. Мемлекеттік тапсырыстардың бүгінгі күні саны артып келеді.

Әскери дайындықты бастауда мектеп қабырғасында оқытылатын алғашқы әскери дайындық пәнінің өзі де кейде жеткіліксіз болады. Теоретикалық білімге қосымша рухани дайындық керек секілді. Отанын шынайы сүйген адам ғана өз Отанын қорғай алады деп Б. Момышұлы бекерге айтпаса керек. Өз Отанын сүйгізуді үйрету үшін бастауыш сыныпта оқитын бүлдіршіндердің санасына тарихилықтың дәні себілу керек секілді. Өнұраны мен ұлттық рәміздерін құрметтеу барысында ұлтжандылық деңгейі де көтеріле бастайды. Ұлтжандылық пен Отансүйгіштік сезімдердің ереуілі адамды еріксіз еңбек майданына алып шығарып, ұлы жеңістерге итермелейтін бір ғажайып та жұмбақ сезімдердің төресі. Бұл сезімдермен қаруланған әр сарбаздың жүрегі өз елінің кеңдігіндей аумақты сыйғызып, барабандағанда саз бен үрмелі аспаптан кем түспейді [5].

Бұған қол жеткізуге тарихи шындық толыққанды көмектеседі. Ұшы мен



қиыры көзге елеусіз көріне бермейтін қыран самғар көк түстес бұл құдірет сезімге кемедей жүздірген тарих ең бір ұлы жаратылыстардың ғылымы іспетті. Бұл ғылымды біздер мемлекеттік мүдденің іске асуы үшін де пайдалана аламыз. Қазақ мемлекеті үшін қазақ тарихының өміршендігін арттыру дегеніміз өз ұлтымыздың өміршендігін арттырумен қатар келетін жағдаят. Мемлекеттілік пен ұлт мүддесі таразыға тең түскенде соңғысының салмағы әрдайым ауырлау тартуы тиіс.

Қазақстан республикасының жаңа мүмкіндіктерінің көп қырлылығын біздер жаңа қабылданған саяси бағдарламалардан аңғара аламыз. Ал, титулды нация есептелетін қазақ ұлтының бағытын анықтау үшін кейде мемлекеттік бағдарламалар аздық етуі мүмкін. Сол үшін де тарихи ғылым негізінде тарихи шындықты барынша ұрпақ арасында кеңінен насихаттау барысында біздер өткен бабалар қателігін қайталамауға тырыссақ болады. Мемлекеттік бағдарламаның қай түрінің іске асу не аспауын қарасақ, көрегендік пен тәжірибенің ұштасуын қалайтынын байқар едік. Бірақ, ең алдымен олардың нәтижелілігін арттыруға тарих пәнінің қатар жүруі шарт.

Бір кезде Ұлыбритания премьер-министрі болып сайланған Рамсей Макдональд өз докладында мемлекеттің ауыр жағдайда күйзеліске ұшыраған уағында ең алдымен оған көмекке келе алатын тек өзінің арсеналында бар ресурстар деді. Әсіресе, олардың ең күштісі көзге көп көріне бермейтін құндылықтың руханият бөлігі, өйткені ол өз кезегінде Отанға деген махаббатпен де, сүйіспеншілікпен де қатар ұштасып жатыр. Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін саяси элита өз айналасына топтасқан әлеуметтік топтар мен таптардың барлығын да бірге қамти алатындай, оларды аз сөйлемді пікірімен диалогтық алаңда рухтандыра алатындай болу керек. Диалогтық алаңға кейде бәрі үлкен дайындықпен шыға бермейді, Отансүйгіштікті де әлінше әркім әртүрлі ұғынуы мүмкін [6].

Отансүйгіштікке арнайы бағыттталатын мектептегі тәрбие сағаттары тек аптасына бір рет қана қарастырылған. Кейде аз уақыт көлемінде оқушыға үлкен ақпаратты сіңіруі тиіс болатын сәттер де туындайды. Әр оқушы өз алдында өз елінен және туған жерінен шыққан ұлы адамдарды тарих оқулықтарынан көруге асық болады. Қарапайым мысал ретінде, 5-6 сынып оқушысы Қазақстан тарихы пәнін өту барысында ғұндардың Еуропаға шабуылын параграфын өткенде, оқушының әлеміне жаңа батыр енеді. Сол сәттен бастап ол оқушы үшін оның кумирі Аттила болады. Аттиланьң ерліктерімен рухтанған ол оқушы өз кезегінде ең алдымен Аттиладай болуды армандап, сол Аттиладай өз елінің жауларымен соғысуды, өз халқын қорғауды алдына мақсат етіп қояды. Сол секілді немесе Қазақстан тарихы пәнінен оқушы жоңғар шапқыншылығын өткенде қызық эмоциялардың куәгері бола аласыз. Оқушы тарапынан «жоңғарларды неге бірден талқандамадық?», «неге ұзақ уақытқа біз олармен соғысуға мәжбүр болдық?», «қазақ армиясының әскери дайындығы қандай болды?» және т.б. сұрақтарға тап боласыз. Ал, қазақ батырлары туралы қосымша мағлұматтар бере отырғаныңызда, сыныптың ең нашар оқитын оқушысы да елең ете қалып, бірден назарын сіз жаққа қарай бірден аударады. Қазақ батырларының



қазақ жерін қалай қорғағандығы туралы ақпараттар олардың қызығушылығын оятатыны анық. Қазақ батырларының сол кезеңдегі саяси рөлі мен қоғамдағы тарихи бейнесі шәкірт санасында қалай түсіндіріліп, қай нақышта қалыптасса, өміріне бағыт пен бағдар беретін бағдаршам іспетті жол сілтеп тұра алатындығын жоққа шығармауымыз керек.

Тарихи сананы тарих пәні арқылы оңай қалыптастыруға болатыны жалған емес. Тарихи санасы толық жетілген адам ғана өз кезегінде ең алдымен құлдық сананың тұтқыны болудан аулақ болады. Әлемнің қайсыбір дамыған елдерін алып көрсек болады, олардың көпшілігі дерлік тарихи саналарының жаңғыру сатыларынан өткен елдер. Тарихи сана тұрғысынан жаңалану дегеніміз өз кезегінде бұл мемлекеттің келешегінің жарқын кепілі бола білмек. Ал, тарихи санасы жетілмеген мемлекеттер даму сатысынан кенже қалып отырғандығы рас. Мемлекеттілік деңгейде осы тұста Отандық тарихты оқытудың алғышарттары қаланып, өміршеңдігінің де ұлғайғандығын көре алар едік [7].

Тәуелсіздіктің ең бір әуелгі кепілі тарихи сананың ашық және жете дамығандығы болып табылады. Тек осы сатыдан өткен мемлекеттің де әскери дайындығы жоғары деңгейде бола алады. «Кім үшін? және Не үшін?» соғысатынын білетін азаматтардан құралған әскери бөлімшелер өзінен екі есе үлкен жауға да қарсы тұра алады. Рухани жаңғырған ел ұландары ғана батыл шешімдерді қабылдай алады және қауіп келсе, ол үрейдің бетіне қарсы тұрып қарай алады. Алғашқы әскери дайындығы сабвғында да тарихи батырлардың соғыс тактикасын енгізіп қойса, артық болмас еді деген пікірдеміз. Бес қарудың, жеті қазынаның атын, қадір-қасиетін жатқа білетін азаматтарды нағыз бәйгеде шабатын қазанаттарымызға да теңеуге болады. Тарих ғылымы үлкен бір дария секілді, таңдаған ағысына байланысты біздің баратын жолымыз да айқындалады.

Тарих бір тұтас әлем секілді сол халықтың өз кезегінде мәдениетімен тығыз байланысты ұғым. Өткен ғасырдың 50-60-жылдары неміс социолог ғалымдары әлеуметтік кеңістіктегі тарихи ойлау жүйесінің алғышарттарын құрастыра бастаған еді. Нейронды теория негізінде неміс ғалымдарының заңдары кванттық психологияның да элементтерін өз бойына жинақтай отырып, оған бір объективті баға беруге барынша тырысады. Тарихи ойлау жүйесі тұрған бір «поиск» батырмасы секілді деп кәріс математигі Пак те оның күрделілігін мойындаған. Әлеуметтік кеңістіктегі болатын барлық әлеуметтік құбылыстар мен қозғалыстардың барлығы да адамның тарихи ойлау түйсігінен өтуі тиіс.

Оқушы егер бұл оқиға кітап бетіндегідей емес, сәл өзгеше болған жағдайда нәтижесі қандай болар еді деген сұрақтарға өзінің тарапынан жиірек жауап беруге тырысу керек. Тарихи шындық пен тарихи ақиқатты ажырату үшін көпжақты ойлау механизмін пайдаланып, тарихи оқиғаның солай қалыптасуына не түрткі болғанын да іздеу барысында дербес тауып жауап беруі тиіс. Тарихи оқиғаларды өзара салыстырып, оларға аналитикалық тұрғыда оңтайлы баға бере алудың өзі де бір мектеп оқушысының деңгейін анықтайтын барометр секілді. Ағылшын ғалымы



Н. Паркердің пікірінше бұл келешек стратегтің ойлау қабілетіне қойылған шекті алып тастайтын азат етуші күш секілді. Яғни, келешек стратегтің стратегиялық ойлау жүйесін де қалыптастыра алатын негізгі пән осы тарих пәні. Ал, біздің Отанымыздың келешек әскери стратегтерін даярлауда бізге ең алдымен көмекке келетін пән де Отандық өзіміздің төл тарихымыз [8].

Егер тарих рөлі соншалық ауқымды болмаған жағдайда оған артып көңіл де мемлекет тарапынан ауқымды көңіл де бөлінбес еді. Кез-келген мемлекетті алып көрсек те, тарих пен тіл пәндеріне айрықша көңіл бөледі. Жапон мектептерінде оқушы келешек абитуриент болған кезге дейін мектеп аяқтағанша тек өз мемлекетінің ғана тарихын оқиды. Кеңес үкіметін мысалға келтірсек те болады, коммунизм тәрбиесіндегі жастар бүкіл одақтық деңгейде КПСС тарихын оқиды. Болмаса Израиль мемлекетінің қалай құрылғандығын еске алсақ та болады. Израильдіктер мемлекеттікті қолға алып, қайтадан құрылғанда өздерінің тарихы негізінде байырғы шекарасын қалпына келтіре алды. Тарихи санасы ерте оянған халықтардың көпшілігінің өз өркениеті мен мәдениеті, философиялық мектептері де ерте қалыптасып отырды. Әсіресе, әскери дайындық мәселесіне тоқталған кезде олардың қаншалықты деңгейде Отансүйгіштікпен қаруланғандығын да ескеруіміз керек. Дана халқымыз «Отан үшін отқа түссең күймейсің» деп бекер айтпады. Мемлекеттік Отансүйгіштіктің бастауын мектептен бастап, кейін әскери дайындық негізінде мемлекетіміздің қауіпсіздігін күшейтуге толыққанды жол ашуға болады. Мемлекеттік қауіпсіздіктің осы тұста тарихи ойлау жүйесімен байланысты екендігін де мойындап, көре аламыз.

Еуропалық ғалым Критчелл өз монографиясында халықтың тарихи санасының оянуын мемлекеттік дамуға қажетті ең бір өзекті тақырыптардың бірі деп қарастырды. Ал, ағылшын саясаткері Черчилль өзінің тарихи әрі саяси мақалаларында тарихи сананың жандануын қоғамға қажетті өмірлік құбылысқа теңеді. Еліміз тек өткен ғасырдың 90-жылдарының бас кезінде ғана тәуелсіздік алып, саяси аренада егемен ел ретінде көріне бастағанына бақандай ел ретінде көріне бастағанына бақандай 30-жылдан едәуір үлкенірек қана мерзім өтті. Ал, тарихи сананың жаңаланып, құлдық сананың жойылуы үшін кем дегенде 40-50 жылдай жарты ғасырға жуық уақыт керек екендігін ескерсек, мемлекетіміздің талпынысы мақтарлық жаман емес.

Мемлекеттік қауіпсіздікке ең алдымен жауап беріп, оны толыққанды қамтамасыз ете алатын жергілікті халықтың тарихи санасының ояулығы және әскердің де сана сезімінің тарихи шындықтарды сезіне алу тұрғысынан ашықтығы, тарихи шындық негізінде қалыптасқан ұлтжандылығы болса керек. Мемлекет қанша жерден саяси не экономикалық, мәдени тәуелділікке басқа өзінен күштірек көршісінің тәуелділігіне түскенімен, тарихи санасы ояу күйде қалған жағдайда қалайда толыққанды тәуелсіздікке қол жеткізе алады. Оған мысалы ретінде көне еврей халқының әлемнің қуатты: Ассирия, Персия, Армения, Мысыр, Араб халифаты, Хулагуидтік мемлекет, Селжүктер сұлтанаты, Хазар қағанаты, Осман империялары сияқты бірнеше қатарынан ұлы мемлекеттердің иеліктеріне өтіп, егемендіктерінен қанша рет айрылғандарына қарамастан бүгінде егемендікке қол жеткізіп отырғанын



көреміз. Өмірдегі тарих шындығын кейде көре бермейтініміз бар [9].

Сол еврей ұлты секілді мысалға біздер Кордова иелігіндегі испандықтарды, көшпенділердің қол асына қараған үнді және қытай мемлекеттерін, алдыңғы Азия және скандинавия иеліктеріндегі солтүстік Еуропа елдерін де алып қарастырсақ болады. Тарихи сананың жоғарылығы мен терең қалыптасқандығы бұл жерде сол тәуелді мемлекеттердің тәуелсіздікке қол жеткізулеріне айтарлықты үлес қосты. Отан сүйгіштікпен қаруланған әскер барын салып жанын аямастан, қасық қаны сарылғанша айқаса алатындығы да психологиялық ғылым тұрғысынан дәлелденіп, оған Зиммель алғашқылардың бірі болып өз пікірін жазған болатын. Әскери тарихта отансүйгіштікке өз қарамағындағы жауынгерлерді тәрбиелеу де кейде толықтай сарбаздар генералдарының қолынан келе бермейтін оңай емес шаруа болады.

Егерде, болашақ Отан қорғаушы әскер қатарына мектеп жасынан дайындалып, Отансүйгіштік сезіммен сусындалып дайын күйде келсе, одан керемет ұлт жауынгерін шығару да қиынға соқпайтыны ақиқат дер едім мен. Отандық тарихты егерде Отандық тарихшылар жазып, ұлтжандылық элементтерін көбірек қосса, келешек ұрпақтан тамаша нәтижелер күтуге болар еді. Отандық тарих оқулықтарында Отансүйгіштікке себепкер бола алатын сезімдердерді оятушы құралдар көмегіне жүгіне отырып мектеп оқушыларына тарих тақырыптарын басқа қырынан түсіндіре түссе, жас өскелең жаңа ұрпақты тәрбиелеудің жаңа сатысына көтеріле алар едік.

Қорытынды

Жаңа Қазақстан үшін жаңа оқулықтардың керектігі заман талабынан туындап отырған жаңа өмір кезеңінің ережесіне айналды. Кеңес үкіметі дәуірінде жазылған көпшілік тарихи оқулықтар кейде заманауи Қазақстанның мақсаттары мен мүдделеріне көп жағдайда жауап бере алмауы мүмкін. Сол үшін бізге Отандық өнім тарих оқулықтарын жазуда тәуелсіздік алғаннан кейін дүниеге келген жаңа, азат елдің азаттығын сезінген тарихшылардың көмегі керек. Мектеп оқушыларын ұлтжандылыққа тәрбиелеу барысында біз жаңа Қазақстанның жаңа ертеңін өмірге алып келеді. Ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларымызды қайта жаңғырту мен ұрпақ арасында насихаттау дегеніміз кейінгіге үлгі мен өнеге бола алатын ең бір тамаша көріністердің бірегейі бола алады. Мектеп оқушыларын мектеп жасынан армандарына шектеу қоймай, тарих оқулықтарының хронологиялық шеңберіне кейде сия бермейтін сезім мен Отан алдындағы махаббат, борыш ұғымдарын да қалыс қалдырмау керек секілді. Отандық тарих оқулықтарының жаңалануын талап ететін де заматтарда мазмұны мен құрылымын қайта өңдеуден өткізіп отыру керек. Мектеп баласының жас ерекшелігіне байланысты аналитикалық тұрғыда кейде оқушы өзі ойланып жауабын не үшін және қалай сұрақтарына жауап беру барысында таба алатын, ал кейде таба алмайтын сәттер де болады. Жас ерекшелігінің көлемін ескеріп, оқушы игеруге тиісті ақпараттар қорын



молайта түскеннен гөрі, оқушы санасына сіңімді қылу үшін жаңа методологиялық ерекшеліктердің бар екенін де ұмытпағанымыз жөн. Тікелей қазақ хандығына және Алаш зиялылары секілді өзекті тақырыптарға келген шақта, білім беру министрлігінің бекіткен ұзақ мезімді жоспарларында аталмыш тақырыптарға салыстырмалы түрде сағат санын көбірек бөліп, оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетінің дамуына мейлінше көңіл бөліп отырған дұрыс мейлінше. Оқушы тарих ғылымының өзекті тұстары мен тақырыптарына өз бетінше ойланып, сұрақтар қоя алатын және жауап бере алатын болса, ол жас аналитиктің өмірге келуін тездетеді немесе дүниеге ұлтжанды тағы да бір азаматқа не азаматшаның келгенін көрсететін әлеуметтік индикатор есебінде бола алар еді. Мектеп қабырғасындағы жас ұландар ұйымы мен алғашқы әскери дайындық пәндерінің, сынып жетекшінің тарапынан болатын әр аптаның бірінші күндері болатын тәрбие сағаттарының да Қазақстан тарихы пәні мұғалімдерімен пәнаралық байланыс орнатып, бірге жұмыс жасаулары қажет. Пәнаралық байланыс орнатылған уақытта мемлекеттік стандартқа сәйкес білім беру ғана емес, сонымен қатар нәтижелі сана сезімнің қалыптасуы, ұлтжандылық, өз ұлтымен мақтана алатын патриоттық сезімдер де ерте қалыптасып, Отанын қорғайтын жаужүрек әскери кадрлерді біздер мектеп қабырғаларынан бастап іріктей бастар едік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбуев Қ. Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінен. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 144 б.
2. Көкбаев Т. Соғыс тағылымы // Дала мен қала 2010 – 10 мамыр. – 6 б.
3. Все силы, все ресурсы Казахстана для победы над врагом! // Акмолинская правда. – 1941, 5 июля.
4. Қозыбаев М.К. Қазақстан қаһарлы жылдарда. – Алматы: Ғылым, 1985. – 180 б.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 485 б.
6. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Очерки. – Алматы: Дәуір, 1993. – 416 с.
7. Қазақстан Республикасында 2015 жылы білім беру және оны жетілдіру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. 17 қазан 2004.
8. Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. 25 тамыз 1994. – №9. – 2 б.
9. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. – Алматы: Дәуір, 1992. – 56 б.

Клышбеков Б.С.

Формирование военной грамотности и патриотизма среди казахстанского молодого поколения путем преподавания истории в сфере образования

В данной статье одной из актуальных проблем, выдвинутых независимым Казахстаном, являются проблемы подготовки военнослужащих с раннего возраста в плане государственности и добросовестности. Для достижения результата обозначенной проблемы автор статьи говорит о том, что необходимо с раннего возраста формировать в



сознании молодого поколения способность к историческому мышлению и работать над национализмом в рамках предмета национальной истории. Автор статьи также говорит о месте отечественной истории в обществе и ее значении. Высокий уровень способностей к историческому мышлению школьников является социальным явлением, которое может отвечать за жизнеспособность и безопасность государства в будущем. Умея правильно преподавать предмет истории, мы можем увеличить количество качественных военных ресурсов, которые потребуются государству в будущем.

Ключевые слова: история, патриотизм, военная грамотность, школа, образование.

B.S. Klyshbekov

Formation of military literacy and patriotism among the Kazakhstani young generation by teaching history in the field of education

In this article, one of the urgent problems put forward by independent Kazakhstan is the problem of training military personnel from an early age in terms of statehood and integrity. To achieve the result of the indicated problem, the author of the article says that it is necessary from an early age to form in the minds of the young generation the ability to historical thinking and work on nationalism within the framework of the subject of national history. The author of the article also talks about the place of national history in society and its significance. The high level of students' ability to historical thinking is a social phenomenon that can be responsible for the viability and security of the state in the future. By being able to teach the subject of history correctly, we can increase the amount of quality military resources that the state will need in the future.

Key words: history, patriotism, military literacy, school, education.

References:

1. Abuev, K. (1994). Kazakstan tarihyynyn «aktandak» betterinen [From the "white" pages of the history of Kazakhstan]. – Almaty: Kazakstan, – 144 p.
2. Kokbaev, T. (2010). Sogys tagylymy [Lessons of war] // Dala men kala. – 6 p.
3. (1941). Vse sily, vse resursy Kazahstana dlya pobedy nad vragom! [All the forces, all the resources of Kazakhstan to defeat the enemy] // Akmolinskaya pravda. 5 iyulya.
4. Qozybaev, M.K. (1985). Kazakstan kaharly zhyldarda [Kazakhstan in the years of anger]. – Almaty, nauka. – 180 p.
5. (2010). Kazakstan tarihy (kone zamannan byginge dejin) [History of Kazakhstan (from ancient times to the present day)]. Bes tomdyk. 4-tom. – Almaty: «Atamyra». – 485 p.
6. (1993). Istoriya Kazahstana s drevnejshih vremen do nashih dnei [History of Kazakhstan from ancient times to the present day]. Ocherki. – Almaty: Daur. – 416 p.
7. (2004). Kazakstan Respublikasynda zhylybilim beru zhane ony zhetildiru tuzhyrymdamasy [The concept of education and its improvement in 2015 in the Republic of Kazakhstan] // Egemen Kazakstan. 17 kazan.
8. (1994). Gumanitarlyk bilim beru tuzhyrymdamasy [The concept of humanitarian education] // Egemen Kazakstan. 25 tamyz. – №9. – 2 p.
9. (1992). Nazarbaev, N.A. Kazakstannyn egemendi memleket retinde kalyptasuy men damuynyn strategiyasy [The strategy of formation and development of Kazakhstan as a sovereign state]. Almaty: Daur. – 56 p.



Қлышбеков Бауыржан Сайлаубекович	Жамбыл облысы Меркі ауданы №48 жалпы білім беретін орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі, Қазақстан
Клышбеков Бауыржан Сайлаубекович	учитель истории общеобразовательной школы №48 Меркенского района Жамбылской области, Казахстан
Klyshbekov Bauyrzhan	history teacher of secondary school No.48., Merken district, Zhambyl region, Kazakhstan



С. Мұстафаұлы¹, А.А. Арзыкулов¹, М.К. Мугалов²

¹*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Алматы, Қазақстан*

²*Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институты
Алматы, Қазақстан*

*(E-mail: amanzhan.arzykulov@gmail.com)**

Қытай тіліндегі әскери атау терминдер және қытай мен қазақтың тарихи байланыстары

Мақалада қытай қазақ тілдерінің ғасырлар қойнауында қалыптасқан қарым-қатынасы тарихи лингвистикалық тұрғыда талданған. Лингвистикалық зерттеулер саласында әрбір халықтың тілін оның өткен тарихымен, олардың өздері жасаған қоғамдық-әлеуметтік ортасы, өзге ұлттармен өзара қарым-қатынасы сияқты факторлармен бірлестіре зерттеудің біздің тілдің даму тарихынан қажетті деректер алуымызға көптеген мүмкіндіктер беретін ең ұтымды жол екендігі қазіргі тіл ғылымында дәлелденіп отыр.

Қазақ халқының өз заманында шығыстағы тарихи көршісі қытай халқы мен арадағы әр алуан тарихи байланыстар нәтижесінде, бір қатар қытай сөздері көне түркі тіліне енген болса, енді бір бөлім түркі сөздерінің көне қытай тіліне еніп орнығуы да заңды құбылыс.

Мақалада тіліміздегі бірқатар сөздердің төркінін табу, олардың күңгірттенген мәнін ашу арқылы қазақ халқының әр алуан дәуірлерде басқа халықтар мен әсіресе тағдыр қосқан тарихи көрші қытай халқымен болған қарым-қатынасын немесе өзінің ертеректегі жай-күйін, тыныс-тіршілігінен толық мәлімет алудың мүмкіндіктері нақты фактілермен ашып көрсетіледі.

Кілт сөздер: Қытай, қазақ, тілдік байланыс, тарихи қатынас, білім, әскери қару-жарақ, сөздік құрам, салыстыра зерттеу, фактор.

Кіріспе

Белгілі бір тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасы ол тілдердің даму процесінде үлкен рөл атқарады. Өйткені тілдер қарым-қатынасқа түскенде, олар бір-біріне әсерін тигізеді. Тілдер қарым-қатынасы халықтардың саяси, жаугершілік, экономикалық, мәдени қатынастарына байланысты. Әрбір халықтың тілін оның өткен тарихымен, олардың өздері жасаған географиялық, қоғамдық-әлеуметтік ортасы, рухани-мәдениеті, діни наным-сенімдері, өзге ұлттармен тарихи, саяси, дипломатиялық, жаугершілік қарым-қатынасы сияқты факторлармен бірлестіре отырып салыстыра зерттеу біздің тіліміз жайлы өткені мен тарихи даму кезеңдерінен қажетті деректер алуымызға көптеген мүмкіндіктер береді. Лингвистикалық зерттеулер саласында қазақ әдеби тілінің сөздік құрамын қазақтың байырғы сөздерін негіз ете отырып, туысқан түркі тілдес халықтар тілімен қатар монғол, араб, парсы тілдеріне ортақ сөздер, орыс тілі арқылы өзге тілден ауысқан сөздер құрайды дейтін бір жақтылы ұстаным түркі тілдерінің өткен тарихын



зерттеуге, сондай-ақ қазақ тілі сөздік қорының тарихи негізін айқындауға кері әсерін тигізері хақ.

Тілімізді өзге тілдермен салыстыру арқылы қазақ халқының әр алуан дәуірлерде басқа халықтармен жасаған қарым-қатынасын немесе өзінің ертеректегі жай-күйін танимыз. Сондықтан да тарихи лингвистикада қазақ тілінің өткен тарихын аталған тілдермен қатар, өзімен әр кезеңде әрқилы байланыста болып келген тарихи көршісі қытай тілімен болған тарихи байланысын қоса зерттеуге мән беруге тиіспіз.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының әдіснамалық сипаты ретінде лингвистикалық салыстырмалы әдіс қолданылды. Оған қоса тарихи лингвистикалық тұрғыда тарихи материалдарда кездесетін әскери және жаугершілікке байланысты тарихи ұғымдарды, сөздерді лексика және фонетикалық даму критерийлері негізінде сараптау, талдау әдістері басшылыққа алынды. Аталған салалардағы ғалымдардың пікірлеріне иек артылды. Лексикалық талдауға ерекше назар аударылғандықтан тарихи-лексикологиялық еңбектерге де жүгінілді.

Негізгі бөлім

Қытай және қазақ тілдерін тілдің барлық саласы бойынша салыстыру және оны тарихи лингвистикалық тұрғыда талдау бүгінде жан-жақты сараланып, зерттеу нысаны ретінде қарастырылған. Онда тіл, әдебиет, тарих, мәдениет, философия, т.б. салалары бойынша арнайы ғылыми жұмыстар жүргізіліп, диссертациялар да қорғалған. Алайда қытай және қазақ тілдерінің ерте заман мен ортағасырлардағы байланыстары жайлы және әскери лексика бойынша нақты синхронды тарихи дәлелдер көрсетіп талдау жеке-жеке тақырып ретінде тарихи лингвистикалық танымдық тұрғыда қаралмаған. Сондай-ақ, ауысқан сөздердегі кірме сөздер мен сөз тіркестерінің этимологиялық сипаты да кеңінен ашылмаған. Бұл ретте жұмыстың мақсаты қытай және қазақ тілдерінің тарихи қарым-қатынастарының әр алуан кезеңдерін, қазірге дейін қытайдағы қазақтар тіліне еніп орныққан сөздердің мәнін ашып, қолданыстағы кірме сөздердің мағынасына түсінік беру, сондай-ақ қытай тіліндегі әскери салаға байланысты бірқатар атау-термин сөздердің мағынасын айқындап оның қазақ тіліндегі бейнеленуін нақты көрсету. Сол арқылы қытай және қазақ тілдерінің тарихи қарым-қатынасын тарихи лингвистикалық тұрғыда талдау, екі тілдің тарихи қарым-қатынастарының даму кезеңдерін айқындау. Аталған мақсатқа жетуде мынадай міндеттер туындады:

– қытай және қазақ тілдерінің тарихи қарым-қатынасын тарихи лингвистикалық тұрғыда талдау;



– қазірге дейін қытайдағы қазақтар тіліне енген қытай әскери атау-терминдердің мәнін ашып, қолданыстағы кірме сөздердің мағынасына түсінік беру;

– қытай және қазақ тілдерінің ерте заман мен ортағасырлардағы әскери жаугершілік байланыстар жайлы нақты синхронды тарихи дәлелдер көрсетіп талдау.

Нәтижелер және талқылауға өтейік. Лингвистикалық зерттеулер саласында қазақ әдеби тілінің сөздік құрамын қазақтың байырғы сөздерін негіз ете отырып, туысқан түркі тілдес халықтар тілімен қатар моңғол, араб, парсы тілдеріне ортақ сөздер, орыс тілі және орыс тілі арқылы өзге тілден ауысқан сөздер құрайды дейтін бір жақтылы ұстаным көбірек дәріптеліп келді. Мұндай пікірдің түркі тілдерінің өткен тарихын зерттеуге, сондай-ақ қазақ тілі сөздік қорының тарихи негізін айқындауға кедергі келтірері сөзсіз. Салыстырмалы лингвистикада қазақ тілінің өткен тарихын аталған тілдермен қатар, өзімен әр кезеңде әрқилы байланыста болып келген тарихи көршісі қытай тілімен болған тарихи байланысты қоса зерттеуге мән беруге тиіспіз. Өйткені, қазақ, қытай халықтарының тарихи қарым-қатынастары сонау ертедегі қазақ ұлтын құраған тайпалар – үйсін, қаңлы, ғұндардан басталғандығы белгілі. Мұндай қарым – қатынас фактісін батыс өңірде дәурендеген ертедегі ғұндар мен қытай хандықтары арасындағы үш жүз жылға жалғасқан соғыстан әбден қалжыраған хан хандығының хұндардың шапқыншылығына бірлесе қарсы тұру мақсатында үйсіндермен жасаған тарихи одақтастығы тіпті де дәлелдей түседі [1].

Бұл жөнінде профессор Сұ Бихай: «Хан У-ди мемлекет пен ұлттың қауыпты ауыр жағдайдан құтылуы үшін, заманымыздан бұрынғы 138 жылы Банчауды батыс өңірге елшілікке жіберіп, ғұн ақсүйектеріне қарсы тұратын одақ іздестірді», – дей келе мұндай әскери одақтың дами келе екі ел арасындағы құдандалыққа дейін жеткеніне тоқталып: «... Уди патша бұл пікірді қабылдайды да, үйсін күнбиі Елжаумен саяси, әскери одақ орнатады. Әрі Елжау күнбидің талабына сай, хан патшалығы өз әулетінен Ши Жүн ханшаны үйсін күнбиіне ұзатады», – дейді [2]. Онан кейінгі заманымыздың 6-8 ғасырлары арасында жалғасып келген түркі империясы мен қытай патшалықтары арасындағы екі жүз жылдық соғыс, екі ел арасындағы жаугершілік сипатындағы тарихи байланыстарға нақты дәлел болады. Әрине, қытай және қазақ халықтары арасындағы тілдік қарым-қатынастар да дәл осы кезеңдерден бастау алғандығы шындық [3].

Заманымызға дейінгі IV ғасырдан V ғасырға дейінгі үйсін және қаңлы одақтары түркі тілді болған және сақтарға қарағанда едәуір мәдениетті болған. Қытайдың ежелгі заманындағы тарихи деректерінде сол замандағы қаңлылардың жазба заңы болғанын, оның хан ордасында сақталғандығы жазылған. Бұдан қаңлыларда жазу мәдениетінің болғанын білеміз. Жапон ғалымы доктор Сиратори өзінің «Соғдилар мен қаңлыларды зерттеу» атты еңбегінде, ерте замандағы қаңлылар – қазіргі қазақтар, олар түркі тілді халық, бұлар өздерінің хан ордасы тұратын астанасын «Ұлы ұтық битан» деп



хандарын «Най би» деп атаған, «би» деген атау қазақтарда қазірге дейін сақталып отыр делінген.

Қазақ халқын құраған сақ, ғұн, үйсін, қаңлы қатарлы тайпалардың Ежелгі қытай халқы мен арадағы тарихи қарым-қатынастың тым ертеде басталғандығы тарихи зерттеулерден белгілі: «Кейінгі ханнама», «батыс өңір баянында» үйсіндердің әскер қолының қуаттылығы олардың күшін әйгілейді деп жазылған. Банчаудың хатында тағы да: үйсін үлкен мемлекет, олардың он түмен мергені бар, бүгінде оларға елші салып елдесіп, күш біріктірген жөн» – дейді [2, 143 б].

Ежелгі қытай халқы мен түркі тайпалары арасындағы ғасырларға жалғасқан жаугершілік қарым-қатынастарға байланысты ежелгі қытай халқы мен қазақ халқын құраған ежелгі тайпалар арасында тілдік байланыстардың қалыптасқандығы белгілі. Бұндай кезде әсіресе әскери қару-жарақ мен әскери мәнсап аттарына байланысты сөздердің екі ел арасындағы тілдік ауысуының өзегіне айланары сөзсіз.

Соңғы жылдары халықаралық терминдер туралы бір жақтылы пікірлер ғана айтылмай, олардың табиғатына тереңірек үңілу нәтижесінде ескеруге тұрарлық тың пікірлер көрініс беріп жүр. Сондай пікірлердің бірін біз Ә. Қайдаровтың еңбегінен кездестіреміз. Ғалым халықаралық терминдер туралы сөз ете келіп былай дейді: «Тіл-тілдердің арасында ортақ интернационализмдер болмаса, немесе аз болса, ғылым дамымайды, ғылыми қарым-қатынас үзіледі деп байбалам салудың бәрі бекер. Жер жүзіндегі терминдік ұғымдардың бәрін шет тіл сөздері арқылы емес, өз тілінің негізінде меңгеріп, ғылым мен техниканы дамытып отырған қытай, жапон т.б. халықтарды біз жақсы білеміз. Демек, ортақ интернационализмдердің қажеттігі ең алдымен елдің саяси-әлеуметтік жағдайына, даму дәрежесіне, оларға деген сұраным мен қажеттілікке, әр тілдің өз мүмкіншілігіне байланысты екен» [4].

Бұл арада ғалымның терминдік ұғымдарды өз тілінің негізінде меңгерген деген пікірі қытай тілінің термин жасаудағы ішкі мүмкіндіктерін меңзеп отырғандығы белгілі. Қытай тілінің иероглифтері байырғы бейнелік жазу категориясына жататындықтан, қытай тіліндегі салалық атау-терминдердің басым көп бөлегін шет тілінен калька жолымен көшіріп келмей, керісінше өз тілінің құрылымдық заңдылықтары негізінде қытай тілі иероглифтерінің мүмкіндіктерінен толық пайдалана отырып мағыналық негізде шыт жаңа жасап отырғандығы баршаға аян.

Көне қытай тілі мен көне түркі тілдері арасындағы әскери атау-терминге байланысты сөз ауысулардың сонау ерте заманда басталғандығы белгілі. Осы сөздер дыбыстық жағынан өте ерте замандардан-ақ қазақ тіліне сіңісіп кеткен. Бұл пікірді академик Ә. Қайдаровтың: «Әр заманда қабылданып, өз сөздерімізбен мидай араласып кеткен, тіпті сөйлеушілер үшін төркіні ұмыт болып, өз сөзіне айналып кеткен кірме сөздер аз емес. Олардың шығу тегі, келу жолы да әр түрлі. Солардың ең көнесі санскрит, қытай тілдерінің элементтері болса керек. Олар арнайы зерттелмегендіктен біз бұл жөнінде түркологиядағы кейбір деректерден басқа ештеңе айта алмаймыз. Қазақ тілі



лексикологиясының бұл да бір кезектегі міндеті. Тіліміздің өткен тарихын анықтауда бұл мәселенің рөлі зор», - деген көзқарасы тіпті де дәлелдей түседі [5].

Айталық көне түркі тілі тарихи жазба ескерткіштерінде жиі кездесетін «Санғұн» сөзінің көне қытай тілінен кірген «将军» (jiang jun-жанжүн) сөзі екендігі белгілі. Ол жөнінде қытайдың тарихи деректерінде былай делінеді. Санғұн (将军) – әскери шен, атақ. Арғы заманда «Сянғұн» немесе «Зянғұн» болып дыбысталған. Бұл атауды түркі тілдес ежелгі тайпалар мен ұлыстар «Санғұн», «Ганғұн» деп атаған. Ежелгі түркі ескерткіштерінен «Санғұн», «Ганғұн» түрінде де кездеседі [6]. Тағы сол сияқты «Серіппелі наржақ» сөзін де мысалға алуға болады. Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректерде: «Сіз енді шеріктерге серіппелі наржақпен қаруланып әрі оны қос жебемен сыртқа кезеніп, қат-қабат қоршауды бұзуға бұйырыңыз дейді» – делінген. (Наржақ «弩 – nu – ну» – садақтың автоматты атылатын таңдаулы түрі яғни жеңіл арбаға орнатылған құндақты садақ. Қол садаққа қарағанда серпімі күшті әрі ұзаққа тиеді. Оның теппелі наржақ, төкпелі наржақ деген түрлері болды) [6, 8-22 бб].

Қытайдағы қазақтар тіліндегі бір бөлім халықтық лексиканы қытай тілінің әсерінен қалыптасқан сөздер құрайды. Бір қоғамдық ортада өмір сүретін әр түрлі тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасы немесе өзара әсері лексика саласында жиі ұшырайды. «Әдетте, тілдік единицалардың ішінде бір тілден екінші тілге еруге өте-мөте икем болатындар – лексикалық единицалар, яғни сөздер», – дейді К. Аханов [7]. Достық қатынастағы тілдердің бір-біріне тигізген әсерлері интерстрат құбылысы деп аталатыны белгілі. Міне, Қытайдағы қазақтар тіліне тікелей әсер етіп отырған қытай тілінің сөз ауысуларын осындай интерстраттық құбылыс деп қарау керек.

Қытайда тұратын қазақтардың тілінде қолданылып жүрген бірқатар сөздер тікелей қытай тілінің әсерінен қалыптасқан. «Процессы освоения иноязычного слова совершаются в устной языковой форме - народной речи, в которой «переламывается» слово. Оно приобретает фонетическую оболочку, и получает грамматическое оформление...», – деп көрсетеді Н.Т. Бухарева [8].

Ендеше біз сөз етіп отырған әскери атау-терминдер дегеннің өзі не? оның табиғаты мен ерекшелігі қандай? Бұл мәселеге жауапты біз атау-терминдерді зерттеуші ғалым Шерубай Құрманбайұлының зерттеулерінен тауып отырмыз. Ғалым ол жөнінде былай дейді: «Салалық термин (отраслевой термин) – белгілі бір арнаулы салаға (ғылым, техника, өнер, өндіріс т.б.) тән, сол саланың термин жүйесінің мүшесі болып саналатын термин. Терминдер қай саланың арнаулы ұғымын білдіретіндігіне, қай терминологияның мүшесі екендігіне қарай ғылыми термин, техника термині, музыка термині, биология термині, заң термині, ботаника термині, экономика термині, әдебиеттану термині, тіл білімі термині, өнертану термині, философия термині, химия термині, физика термині, спорт термині, сәулет термині, математика термині, дипломатия термині, әскери термин, әкімшілік-саяси термин, өндіріс термині деп аталады. Сондай-ақ бірнеше ғылым



саласына қатысты ұғымдарды білдіретіндігіне байланысты жалпы ғылыми термин, жалпы техникалық термин, іргелес ғылымдарға ортақтығына қарай ғылымаралық термин, салааралық термин, ал ғылымдардың жіктелісіне қарай гуманитарлық ғылымдар терминдері, дәл ғылымдар терминдері, жаратылыстану ғылымдары терминдері деп бөлінеді» [9].

Қытайдағы қазақ тілінің терминология саласына ең үлкен әсер еткен әрине өзімен тарихи көрші болып келе жатқан қытай тілінің атау терминдері болатындығы сөзсіз.

Бұл мәселе жөнінде аға аудармашы тілгер Мұқаш Ақметжанов: «Ал азаттықтан кейін қазақ тіліне ханзу тілінен атаулар сала-сала бойынша топ-тобымен енді. Мұндай атауларды саяси, экономика, оқу-ағарту, әскери істер, техника т.б. жақтардан көруге болады. Мысалы: лу шян (路线 – саяси бағыт), гуңшы (公社 – коммуна), дадүй (大队 – бас село), шяудүй (小队 – село), жүндүй (中队 – эскадрилья), ші (师 – дивизия), туан (团 – полк), иң (营 – батальон), лүй (旅 – бригада), лян (连 – рота), пай (排 – взвод), бан (班 – класс), дибан (底版 – опорная плита), суляу (塑料 – пластик), нилун (尼伦 – нилун), кайгуан (开关 – айырып-қосқыш), шужи (书记 – партия хатшысы), дашуе (大学 – университет), юан (元 – юан), шужичу (书记处 – хатшылар басқармасы), жүнчуанжуи (军权注意 – әскери назар), зунтуң (总统 – президент), сілиң (司令 – командир), зауын (杂文 – эссе), багу (партия бағуы) (八股 – мақаланың жазу үлгісі), юунму (қосар дауысты) (韵母 – қытай тілі тіл-дыбыстары), шынму (буын алды дауыссыз) (声母 – қытай тілі тіл-дыбыстары) т.б.», – дей келіп, қытай тілінен сол кезеңде Шынжаңдағы қазақ тіліне енген сөздерді онан ары түрлерге жіктеп: «Жартылай дыбыстық аударма жолымен жасалған атаулар: бас лушян (路线 – саяси бағыт), бас санмубу (参谋部 – ақылшылар бөлімі), дәрігерлік шуеюан (学院 – институт), хуандың (幻灯 – слайдшоу) аппараты, бас қорғаныс сілиңі (司令 – командир), бас сілиң жаңгуан (司令长官 – бас штаб командир), кәсіптік бән (班 – сынып) т.б.», – деп атап көрсетеді [10, 81 б].

Қытай армиясының әкімшілік басқару жүйесінің бөлінісіне байланысты атау-термендер төмендегідей болып келеді.

中央军委 Central Military Commission Орталық әскери комиссия.

办公厅 General Office Орталық әскери комиссия кеңсесі.

联合参谋部 Joint Staff Department Бірлескен ақылшылар бөлімі.

政治工作部 Political Work Department Саяси қызмет бөлімі.

后勤保障部 Logistic Support Department Артқы шеп қамсыздандыру бөлімі.

装备发展部 Equipment Development Department Жабдықтарды әзірлеу бөлімі.

训练管理部 Training and Administration Department Оқыту-жаттығуды басқару бөлімі.



国防动员部 National Defense Mobilization Department Ұлттық қорғаныс жұмылдыру бөлімі.

纪律检查委员会 Discipline Inspection Commission Тәртіп тексеру комиссиясы.

战略规划办公室 Office for Strategic Planning Стратегиялық жоспарлау кеңсесі.

改革和编制办公室 Office for Reform and Organizational Structure Реформалар және штат кеңсесі.

国际军事合作办公室 Office for International Military Cooperation Халықаралық әскери ынтымақтастық басқармасы.

审计署 Audit Office Аудит кеңсесі.

机关事务管理总局 Agency for Offices Administration Орган істері жөніндегі бас басқармасы.

Әдетте қытай тіліндегі әскери бөлімдер мен штаттар өз ішінен үш үлкен бөлекке бөлінеді: Құрылық армиясы (陆军 – лужун) Әуе армиясы (空军 – кунжун) Теңіз армиясы (海军 – хайжун). Осы үш үлкен армия бөлегі өз ішінен тағы мынадай тармақ бөлектерге бөлінеді.

Құрылық армиясы (陆军 – лужун) өз ішінен бөлінуі және оның атаулары:

步兵	infantry	жаяу әскер
炮兵	artillery	артиллерия сарбазы
通信兵	signal corps	сигналдық жауынгер
装甲兵	armoured force	бронды сарбаздар
工程兵	engineer corps	инженер сарбазы болып бөлінеді.

Әуе армиясы (空军 – кунжун) өз ішінен бөлінуі және оның атаулары:

空降兵	airborne force	әуе десанты
火箭军	rocket force	зымырандық күш
航空兵	aviation	авиация сарбазы
地空导弹兵	Surface to Air Missile Corps	

Зениттік-зымырандық корпус сарбазы

高射炮兵	anti-aircraft artillery	зениттік артиллерия сарбазы
